



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№15 (604)
17 сәуір,
2025 жыл



Жібек ШАХМАРДАНҚЫЗЫ:

ОҢТҮСТІК ПЕН СОЛТҮСТІКТІҢ АРАСЫН ЖАЛҒАҒАН АҚЫН ҚЫЗБЫН

Қазіргі қазақ айтыс өнерінің жас әрі талантты ақындарының бірі, Сыр өңірінің тумасы – Жібек Шахмарданқызы. Ол – бабадан мирас болған асыл өнерді ұстанып, жолын жалғаған жалынды жастардың бірі. Сөз саптауы мен тапқырлығы және ұлттық рухты дәріптеуі арқылы жоғары бағаланып жүрген Жібектің айтыстары қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін көзгі отырып, көркем оймен көмкерілген.

Қыз бен жігіт айтысы арқылы кеңінен танылып, белгілі айтысгерлермен сөз сайысына түскен жас ақынмен сұбелі сұхбат құрудың сәті түскен болатын...

– Сыр елінің сырлы өнерін ұстанған бір қызысыз. Өзіңіз туралы қысқаша айтып берсеңіз. Қай салада білім алдыңыз? Айтыскер ақын болуды бала күннен армандадыңыз ба?

– 1998 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Келінтөбе деген ауылында дүниеге келдім. Сыр елі баршаға мәлім, ақындардың, жыраулардың елі. Туған топырағымыз киелі болғандықтан, бізге де осы топырақтан дарыған болар. Жаңақорғанды айтсақ, Манап Көкенов, Әбілқайыр Сыздықов ағаларымыз шыққан. Ал Келінтөбе дегенде, бұл ауылда кіндігі кесілмесе де, осында ес біліп, ер жеткен, қалың қазаққа аты мәлім Есенғали Раушанов ойға оралады. «Келінтөбе» деп талай өлеңіне қосқанын поэзия сүйер жұрт тегіс біледі.

Бала күнгі арманым жайлы сұрадыңыз... Өзім өнерлі отбасында дүниеге келдім. Әкемнің кеңіе інісі, ағам Сәкен Қалдыбаев айтыс сүйер қауымға жақсы таныс. Сондай-ақ өзім оқыған Қыздар педагогикалық университетінде анам да білім алған. Ғажап дауысы бар, әнші болам деген алып арманы болған. Кейін әкеммен шаңырақ көтеріп, барлық арманын ері мен ата-енесінің жолына қиған жан. Дегенмен анам менің өнер жолын жалғастырғанымды шын жүрегімен қалаған адам. Әлі күнге дейін «Шығармашылығымда не жаңалық бар?» деп сұрап отырады.

5-бетте



Халық, - несиеге,

БАНК — ПАЙДАДА

Халық арасында несие алу – күнделікті қажеттілікке айналып үлгерді. Халықтың 9 миллионға жуығы банк алдында берешек. Бұл әрбір екінші ересек адамның несиеі бар деген сөз. Мұның өзі тек қаржылық емес, әлеуметтік құбылысқа айналған мәселенің тамырын ашады.

Сенсіз бе, 1 жылда елдегі несие портфелі 23 пайызға өскен. Бұл пайызды бірден жіктеп көрсек. Қаңтарда «Бірінші кредиттік бюро» қазақстандықтардың несие борышы бойынша жаңа дерек шығарды. Ондағы ақпарат сүйенсек, халықтың жалпы қарызы 24 триллион теңгеден асқан. Оның ішінде кепілсіз тұтынушылық несиенің бір жылдағы өсімі 22,9 пайыз. Ал ипотекалық несие 14,1 пайызға өсіп, қарыз 6,7 триллион теңгеге жеткен. Ал екінші деңгейлі банктердегі тұтынушылық несие портфелі

14,1 триллион теңге. Бұл ретте де өсім қатты байқалады. Мысалы өткен жылмен салыстырғанда бұл қарыз 31,7 пайызға көп. Басты себеп – тұтынушылық мәдениеттің өзгеруі емес, қаржылық сауатсыздық пен әлеуметтік теңсіздік. Көп адам банктік шарттарды толық түсінбестен келісімге қол қояды. Салдарынан кешіктірілген төлемдер, пайыздық үстемелер мен «қара тізімге» ілігу жиілеп барады.

Қарызын өтей алмай, несиеің қайта құрылымдау не болмаса жаңасын алып ескісін жабу – соңғы жылдары жиі кездесетін қаржылық механизм. Бірақ бұл тығырықтан шығар жол емес, керісінше, несиелік шығаланың тереңдеуіне алып келеді. Несие тарихы нашар адамдарға да жаңа несие берілетін жағдайлар болған. Бұл қаржылық ұйымдар тұтынушының жауапкершілігіне қарамай пайда қууының бір дәлелі. Иә, кредит жағдайында дөп қазір жақсартуға таптырмас мүмкіндік. Дегенмен оның да қайтарымы бар.

3-бетте

ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ: ТӘРТІП ҚАЙДА?

«Жол мұраты – жету», десек те бүгінгі Қызылордада диттеген жеріңе жету кейде қалтанды қағуы мүмкін. Қала ішінде такси бағасы кейінгі уақытта күрт көтеріліп, жұрттың жүйкесін жүндей түтіп жүрген секілді. Бұл мәселе жайлы біржақты пікір айту қиын. Себебі теңгенің екі жағы бар: бірі – көлік тізгіндеген таксист, екіншісі – күнделікті такси қызметіне жүгінетін қарапайым халық.

БАҒАНЫҢ ШАРЫҚТАУЫНА НЕ СЕБЕП?

Қызылорда қаласы бойынша 2025 жылдың алғашқы тоқсанында таксидің орташа бағасы 600-800 теңге шамасын құрады. Алайда сағат таңғы 8:00-ден 9:30-ға дейін және кешкі 17:30-дан 19:00-ге дейінгі «час пик» уақытында бұл баға кейде екі есеге дейін өсіп кетеді. Бұған себеп – сұраныстың артуы, жолдағы

кептеліс және әр жүргізушінің «өз есебі». Өзге қаладағы тұрғындардың пікірінше, Қызылордадағы такси бағасы өте арзан. Бірақ бұл аймақтың тұрғындары да соған сай табыс табатынын ескермейді. Ал қоғамдық көлікпен қатынау кейбір адамға қолайлы емес.

Өздеріңіз білетіндей, өңірде «колжетімді» және «комфорт» қызметін ұсынатын такси көп. «Бизнес-класс»-ты тұтынатындар бірден-саран. Себебін түсініп тұрған шығарсыз. Алайда кейбір «колжетімді» такси көліктерінің жағдайы мүлде нашар. Одан қалды қыстың аязды күні пеші, жаздың аптабында салқындатқышы жұмыс істемейді. Десе де «час пик»-тің кезінде шарықтаған бағамен диттеген жеріне жеткізеді. Қалай ойлайсыз, бұл әділ бағалау ма?

Ауа райы бұзылған күні, жаңбырлы не боранды сәттерде де баға шарықтайды. Қызылорда

қаласындағы такси жүргізушісі Ерлан мұны былай түсіндірді:

– Қатты жаңбырлы күндері көлік жүргізу қиындайды, жолдар тайғақ болады. Мұндай жағдайда қауіпсіздік үшін жылдамдықты азайтып, уақытты көп жұмсаймыз. Бұл өз кезегінде жанармай шығынын арттырады. Сондықтан бағаларды сәл көтеруге мәжбүрміз, – деді ол.

Бір жағынан, жүргізушінің де уәжі бар. Айтуларыңша, жаңбырлы күні жолда жиі кептеліс туындайды. Сәйкесінше уақыт пен жанармай көп жұмсалады. Дегенмен кейде бұл жағдайды асыра пайдаланып, бағаны қолдан көтеретін «пайдакүнемдер» де бар. Мәселе тек таксистке немесе тұтынушыға ғана қатысты емес. Бұл – жүйенің әлсіздігінен туындаған күрделі түйін.

2-бетте



СТУДЕНТТЕР ҮЙІ — ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ СӘТТЕРДІҢ КҮӘСІ

Студенттік өмір – әр адамның жадында ерекше сақталатын, жастықтың жалынды, шуақты шағы. Бұл кезең балалық пен үлкен өмір арасындағы көпір іспетті. Біріншіден еркіндік пен қызыққа толы күндер, екіншіден болашаққа жасалған алғашқы қадамдар. Осы кезеңді ерекше сезінетін жандар – жатақханада тұратын студенттер секілді.

4-бетте

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ – МАҢЫЗДЫ ТАҢДАУ

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім. Демек, кейінгі буынға сапалы білім беру қай уақытта да маңызды болып қала бермек. Ал осы жолда еңбек етіп келе жатқан «Болашақ» университетінің үлесі зор. Оның үстіне биыл оқу ордасы 30 жылдық белесіне аяқ басты. Ал университеттің құрылтайшысы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Бакберген Досманбетов те 80 жасқа толып отыр. Осы уақыт ішінде университеттің материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жаңарып, жыл сайын бәсекеге қабілетті маман даярлауда үздіксіз жұмыс істеп келеді. Бұл – білім ошағының тұрақты дамуға күш салғанының дәлелі.

Заман талабына сай маман даярлау жолында білім ордасының профессорлық-оқытушылық құрамы аянбай еңбек етіп келеді. Қазірдің өзінде 200 ден астам оқытушы бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламалары негізінде 5000 жасты оқытып отыр. Бүгінде қасиетті шаңырақтан білім алып, түлеп ұшқан түлектері де елдің түкпір-түкпірінде абыройлы еңбек етіп, қалтқысыз қызмет қылууда.

7-бетте



Басы 1-бетте



Тұтынушы
– тәуекел етуші ме?

Көленкелі қызмет, көрінбейтін салық

Кейбір такси жүргізушілері заңды түрде тіркеліп, ЖК (жеке кәсіпкерлік) ашып, әр ай сайын салық төлеп, көлігін сақтандырып, техникалық бақылаудан өткізіп тұрады. Олар үшін шығын аз емес. Бір күндік табыстың кемінде 30-40%-ы сол шығындарға кетеді. Алайда күнделікті қызмет көрсететін такси жүргізушілерінің басым бөлігі ресми тіркелмеген. Яғни олар салық төлемейді, заң жүзінде жолаушы тасуға рұқсаты жок. Бұл мемлекеттің қазынасына да, азаматтардың қауіпсіздігіне де тікелей әсер етеді.

Тіркелмеген жүргізушіге жолаушының қауіпсіздігі, сақтандыру, не жол ережесі маңызды болмауы мүмкін. Себебі ешкім қадағаламайды. «Көрінбейтін жаудан қорық» демекші, көленкелі қызмет ертең қауіпке ұрындыруы ықтимал.

Дегенмен «күнімді көру үшін такси болып жүрмін, бала-шағамды, отбасымды жолдың ақысымен асырап жүрмін» деушілерге не деп жауап қатпақпыз? Тағы да үнсіздік... Бірақ мәселе мынада – заңды жұмыс істейтін таксист пен көленкелі жүргізуші бір платформада, бірдей бәсекелестік ортада жүр. Бұл әділетсіздік заңды жүргізушіні «қара жолға» итермелеуі мүмкін. Егер әділ бақылау болмаса, салық төлеу мен адал қызмет көрсетуге ынта кемиді.

Такси қызметін жиі пайдаланатын тұрғындардың басым бөлігі «YandexGo», «Indriver», «Aragi» сынды қосымшаларға жүгінеді. Бұл платформада бағаны тұтынушы мен жүргізуші өзара келіседі. Бірақ мұндағы ең үлкен мәселе – қауіпсіздік. Жүргізуші мен жолаушының жеке байланыс нөмірлері бір-біріне көрініп тұрады. Бұл, өкінішке қарай, артықшылық емес – қауіп. Кей жағдайда жүргізуші қызмет көрсеткеннен кейін тұтынушыға қайта хабарласып, мазасын алады.

– Иә, мұндай жағдай басымнан бірнеше рет өткен еді. Әлі күнге дейін жалғасып келеді. Әрине, іс насырға шауып, өміріме қауіп төндірген сәт болды деп айта алмаймын. Алайда такси қосымшаларынан менің жеке байланыс нөмірім көрінгенін қаламас едім. Себебі қыз бала болған соң, қорқасың. Қырындап, жекеме өткендерін қаламаймын. Әсіресе түнгі уақытта. Кейде бір рет «жок» дегенді түсінбегендер сталкер ретінде әртүрлі нөмірден хабарласады. Тағы да үрей тудыратын мәселе, ол жаңағы «сталкер» таксисттің менің үйімнің қайда орналасқанын білетіндігі, – дейді қала тұрғыны Фариза Алиева.

Бұл – тұтынушы құқығының өрескел бұзылуы. Жүйеде тұтынушы деректерінің құпия сақталмауы – үлкен қауіп. Әсіресе әйел адамдар үшін бұл жағдай тіптен өзекті. Қауіпсіздік тек апаттық жағдайлармен шектелмейді, ол психологиялық жайлылықты да қамтиды.

– Бір күні туған күн тойлау үшін достарыммен бір мейрамхана жиналамыз деп келіскенбіз. Ойымда түк жоқ, дайындалып, такси шақырмақ болдым. Түнгі уақытта Тасбөгет кентіне көлік келе қоймайды. Әйтеуір дегенде бір такси қабылдады. Жүргізуші зорға дегенде мекен-жайымды тауып келді, одан қалды көлік салонында тағы да бір адам отырды. Достарымның

Бүгінгі такси қызметі – тек қатынау құралы емес, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың айнасы. Жүргізуші де, жолаушы да ренжулі. Бірі табыс табудың жолын іздесе, екіншісі қалтасына лайық қызмет іздейді. Бірақ бұл шексіз текетірес емес. Қоғам такси жүргізушілерінен адал қызмет, сенімді көлік пен бірізді тариф күтеді. Қалтаға лайықты баға – тұтынушының басты арманы. Бірақ бұл ретте таксистің де жағдайын ескерген жөн. Қымбатшылық бәріне ортақ. Сондықтан

ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ: тәртіп қайда?

барлығы жиналған екен, тек мені күтіп отыр. Өзімді ыңғайсыз сезінгендіктен, оның үстіне қазір көлікті қайдан табамын деп ұзақ ойланбай таксиге отырдым. Жол бойы таксист пен қасындағы жігіт әлеуметтік желідегі akkaун-тымды сұрап, әртүрлі сұрақ қойып мазамды алды. Одан бөлек жылдамдықты біресе асырып, біресе тежегішті басып, әбден ығырымды шығарды. Әтеуір диттеген жерге жеттім. Таксиден түскенше асықтым. Әрине қорықтым. Олар кетіп қалса да, телефоныма тыным бермей, ұзақ уақыт мазамды алды, – дейді Фариза.

Айтылған уәж алаңдатпай қоймауы тиіс. Себебі адам өмірі маңызды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әрбіріміз міндеттіміз. Бұл мәселе – жай ғана баға өсімі емес, халықтың сеніміне селкеу түсіріп, жүйесіздікті айна-қатесіз көрсетіп тұрған жағдай.

Халық не дейді, таксист не күтеді?

Қала тұрғындары арасында такси бағасына байланысты наразылық көп. Бірақ таксист те қарап отырған жоқ. Олар жанар-жағармайдың, көлік жөндеудің, қосалқы бөлшектердің күн сайын шарықтаған бағасын алға тартады. Әр жүргізуші күнделікті табысынан көлікке кететін шығыннан бөлек, отбасының нәпақасын да табуы керек.

жүйелі тариф, заңды бақылау мен әділ салықтық механизм – екі тарапқа да тиімді жол болар еді.

Бастысы – әділ жүйе қалыптастыру. Мемлекет тарапынан заңсыз такси қызметіне бақылау күшейіп, ресми қызметкерлерге жеңілдік болса, тұрғындар да сеніммен қызмет алар еді.

Мәселенің шешімі тек бір тараптың еншісінде емес. Мұны шешу үшін заңсыз такси қызметіне қатаң бақылау орнату керек, электронды платформалар тұтынушы деректерін жасыру жүйесін жетілдіруі тиіс. Ресми такси жүргізушілеріне салық жеңілдіктері мен техникалық қолдаулар қарастырылып, қала әкімдігі такси тарифін шекті деңгейде шектеу немесе реттеу механизмін ойластырса төбесі көрінген түйкіл өз орнын табар еді.

Сондықтан бұл саланың әділ, қауіпсіз, жүйелі болуын қамтамасыз ету мемлекеттің де, азаматтардың да ортақ міндеті.

Бүгінгі бейберекет әрекет – ертеңгі сенімсіздіктің бастауы. Ал сенім жоғалған жерде сапа да, тәртіп те болмайды. Сондықтан уақытша пайда емес, ұзақ мерзімді сенім мен тұрақтылықтың жолын іздейік.

Нұршат НЫШАНОВА

УАҚЫТТЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Уақыт – ең шектеулі және бағалы ресурс. Әрбір адам өз күнінде белгілі бір уақыт мөлшерін пайдалана отырып, міндеттерін орындайды, алайда көбіне уақыттың жетіспеуі немесе дұрыс басқарылмауы сияқты мәселелер кездеседі. Уақытты дұрыс басқару адамды стресстен арылтып, оның өнімділігін арттыруға, жеке өміріне баланс жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі сәтті дұрыс пайдалану адамның жалпы өмір сапасын айтарлықтай жақсартады. Әсіресе студенттік шақта, күнделікті оқуға, үй тапсырмаларын орындауға, қосымша іс-шараларға уақыт бөлу қажет болғанда, тиімді жоспарлау өте маңызды болады. Егер уақытты дұрыс ұйымдастырмаса, маңызды міндеттер кешігіп, оқу бағдарламасынан қалып қоюыңыз мүмкін. Сондықтан уақытты тиімді басқару арқылы адам өз мақсаттарына оңай жетіп, стресстен де аулақ бола алады.

Уақытты басқарудың ең негізгі тәсілі – нақты мақсаттар қою. Әр

адамның өмірінде немесе оқуында қандай да бір мақсат болуы қажет. Осы мақсаттар негізінде күнделікті, апталық және айлық жоспарлар жасау қажет. Мысалы, әр күннің басында орындауға тиісті тапсырмаларды тізіп шығу және соларға ерекше назар аудару, оларды маңызды және маңызды емес деп бөліп қарастыру – күннің ұтымды өтуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді мақсаттарды қойып, соларға қарай қадам жасаңыз. Мақсат қою адамның уақытын тиімді пайдалануына және үнемдеуге көмектеседі.

Міндеттерді маңыздылығына

қарай сұрыптау өте маңызды. Барлық тапсырмалар бірдей маңызды бола алмайды, сондықтан оларды шұғыл және шұғыл емес деп бөлу керек. Мысалы, емтиханға дайындалу немесе дәріске қатысу маңызды міндеттер болып табылады, ал әлеуметтік желілерде уақыт өткізу немесе артық кітап оқу сияқты нәрселер уақытты ысырап етуге алып келеді. Осылайша, ең маңызды және шұғыл тапсырмаларды бірінші орындап, қалған уақытты басқа тапсырмаларға бөлу керек.

Уақытты тиімді пайдалану тек

жоспарлау мен орындаудан

ғана тұрмайды, сонымен қатар әр тапсырмаға белгілі бір уақыт бөлу қажет. Бұл тәсіл шектеулер мен уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Егер сіз күніне нақты уақыт аралығында тапсырмаларды орындауға тырыссаңыз, онда өзіңіздің өнімділігіңізді арттыра аласыз. Мысалы, әр сағат сайын үзіліс жасап, 25-30 минуттық жұмыстарды орындау әдісі белгілі бір деңгейде көмек көрсетуі мүмкін. Осылайша, өзіңізді шаршатпай, бірақ тиімді жұмыс істеу мүмкіндігін аласыз.

Заманауи технологиялар уақытты басқару үшін көптеген пайдалы құралдарды ұсынады. Мысалы, мобильді қосымшалар мен бағдарламалар күнделікті жоспарларды жазуға, тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Google Calendar, Todoist сияқты қосымшалар арқылы апта бойы тапсырмаларды жоспарлап, оларды уақытында орындау арқылы өнімділікті арттыруға болады. Мұндай құралдар нақты уақыт шеңберінде жұмыс істеуге көмектеседі және тапсырмаларды ұмытпау үшін ескертулер жіберіп отырады.

«Көктемнің бір күні – жылға азық» – дейді халық. Ендеше жастықтың бір күні – сенің бүкіл өміріңе азық деуге болады. Уақытты тиімді пайдалану үшін өзіңізге деген жауапкершілік пен тәртіп қажет. Көп жағдайда уақытты дұрыс пайдаланбаудың басты себебі – өз ісіне деген қызығушылықтың

жоқтығы немесе мотивацияның болмауы. Бұл мәселені шешу үшін өзіңізді дұрыс мақсаттарға бағыттап, сол мақсатқа жету үшін нақты әрекеттер жоспарын құрыңыз. Сондай-ақ, үнемі өзіңізді ынталандырып отыру маңызды. Күн сайын орындалған тапсырмалар үшін өзіңізді мадақтап, жеткен жетістіктеріңізге көз жүгіртіңіз. Бұл сізді ары қарай жұмыс істеуге құлшынысымызды оятады.

Жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Адамның өнімділігі ұзақ уақыт бойы жұмыс істегенде төмендеуі мүмкін, сондықтан үзіліс жасауға уақыт бөлу қажет. Сондай-ақ, оқу мен жұмыс арасындағы баланс адамның психикалық және физикалық денсаулығын сақтау үшін қажет. Көбірек демалу, жақсы ұйықтау және дұрыс тамақтану адамды энергиямен қамтамасыз етіп, жұмыстың тиімділігін арттырады.

Уақыт аралығы – бұл кез келген адамның өмірінде өте маңызды дағды. Студенттік кезеңде уақытты дұрыс пайдалану тек оқу үшін ғана емес, жалпы өмір сапасын жақсарту үшін де маңызды. Тиімді жоспарлау, приоритеттер қою, уақытты бөлу және өзін-өзі ынталандыру арқылы студенттер уақыт жоғалтпай, көптеген мақсатқа жете алады. Уақытты тиімді пайдалану – жетістікке жетудің басты кілті.

Аружан ЖҮСІПБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



Басы 1-бетте

ХАЛЫҚ – НЕСИЕДЕ, БАНК – ПАЙДАДА



Сурет ашық дереккөзден алынды

Кез келген тұлға үшін кредиттік тарих маңызды. Ал оған нелер кіреді? Кредиттік тарих – тұтынушының алған несиелері немесе бөліп төлеу туралы мәліметтерін камтитын құжат. Төлем мерзімі, төлемнің кешіктірілуі секілді ақпарат сақталады. Бұл өз кезегінде банктерге клиенттің жауапкершілігін бағалауға мүмкіндік береді. Ал кредиттік тарихты онлайн және оффлайн тексере аласыз.

– 9 млн қарыз алушының қаржы ұйымдарында жалпы сомасы 24,3 трлн теңге кредиті бар. Ал енді ең қызығы, жалпы берешектің 92,8%-дан астамы – 1 млн теңгеден көп қарыздар, мұндай соманы қарыз алушылардың 46,7%-ы ғана алған. Егер одан да көп сомаларды қарастыратын болсақ, 2 млн теңгеден басталатын кредиттер – жалпы көлемнің 84%-ы, алайда мұндай қарызды қарыз алушылардың тек 30%-ы алған. Енді қомақты сомаларға тоқталайық. Мәселен, қарыз алушылардың тек 15%-ында 5 млн теңгеден жоғары қарыз бар, бірақ олардың жалпы сомасы халықтың барлық қарызының 66%-дан астамы болады. Ал мұндай ірі көлемдегі қарызды негізінен табысы жоғары азаматтар, сондай-ақ, банктердің аффилирленген тұлғалары ғана ала алады, себебі мұндай қарызды алу үшін төлем қабілеті жоғары болуы қажет және банктер барлығына дерлік мақұлдай бермейді, – дейді Ranking сараптама орталығының мамандары.

Жағдайды тұрақтандыру үшін мемлекет тарапынан бірқатар шектеу енгізілді. Мысалы, сәуірдің басында Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Қаржы нарығын дамыту туралы заң аясында тұтынушылық кепілсіз онлайн несиелерді беру үшін 24 сағаттық «салқындату кезеңі» енгізіледі. Несие алуға алғаш рет өтініш білдірген қазақстандықтардың банктің немесе микроқаржы ұйымының филиалында міндетті түрде болу талабы белгіленеді. Несие рәсімдегенде әрбір азаматтың банкке немесе микроқаржы ұйымына өзінің баруы тұтынушының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл да қажет бастама. Мәселен алаяқтар айлық табысы 67 мың теңге болатын декреттегі мұғалімнің атынан 9 млн теңге несиесі алған. Оларға несиені рәсімдеп берген үш банк қарызды әйелдің нақты өзі алып жатқанына көз жеткізбеген. Банктер бала күтімімен үйде отырған ананың сыртынан құжаттары мен табыс туралы анықтамасын көрмей жатып несиені бере салған.

– Мен сағат 11:30 бен 13:00 аралығында Астанада үйде болдым, ол кезде декреттік демалыста едім. Осы уақытта үшінші

тұлғалар менің атымнан Қарағанды қаласындағы үш банктен бір уақытта несиесі рәсімдеген. Жалпы сомасы 8 млн 661 мың теңге. Несие рәсімдеу барысында менің үй жағдайымдағы бейнеом арқылы биометриялық тексеріс жүргізілген. Алаяқтар менімен бейнеқоңырау арқылы байланысқан екен. Бұл менің Қарағандыда болмағанымды, банктің бөлімшесінде ешқандай әрекет жасамағанымды дәлелдейді. Бірақ әр банк менің биометриядан өткенімді тіркеген, – дейді ол.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2024 жылдың 4-тоқсанында қазақстандықтардың несиесі мен қарыз төлемдеріне жұмсаған шығындарының үлесі 6,2%-ды құрады. 2009 жылы бұл көрсеткіш 4,6% болған. Яғни, 15 жыл ішінде қарыз төлемдерінің үлесі небәрі 1,5 пайыздық пунктке ғана өскен. Бұл Қазақстандағы қарыз жүктемесі деңгейінің төмен екенін және динамиканың барынша қалыпты екенін көрсетеді.

Қарыз алушылардың 53,2%-ы 1 млн теңгеге дейін кредит рәсімдеген, бұл қарыздардың жалпы көлемінің тек 7,2%-ын құрайды. Нақтырақ айтқанда, 1 млн адам 100 мың теңгеден аз сомаға, 1,4 млн адам 100 мыңнан 300 мың теңгеге дейін, 1 млн-нан аз адам 300 мыңнан 500 мың теңгеге дейін, 1,5 млн адам 500 мыңнан 1 млн теңгеге дейін кредит алған. Мұндай кредиттер бойынша орташа берешек 50 мыңнан 730 мың теңгеге дейін өзгереді, бұл халықтың көпшілігі қарызды аз көлемде алғанын білдіреді. Мұндай қарыздарды бір немесе екі жалақымен толықтай өтеуге болады, көбіне кредитті шұғыл қажеттіліктерді сатып алу үшін алады, осылайша, депозиттегі қаражатты сақтап қалуға болады. Қайталап айтамыз, қазір біз халықтың қарыздарының басым бөлігі туралы айтып отырмыз, – деп жазған еді Ranking мамандары.

Демек, халықтың несиесі деген тәуелділігін азайту үшін тек шектеулер емес, қаржылық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік жағдайды жақсарту маңызды. Өйтпесе, қарыз – уақытша шешім, ал салдары – ұзақ мерзім.

Инжу МАРЖАН


Алаяқтан сақ болыңыз!

Интернет алаяқтық – заманауи технологиялардың дамуына байланысты кең таралған қылмыс түрі. Біздің елімізде де бұл мәселе өзекті болып отыр. Себебі жыл сайын мыңдаған азаматтар киберқылмыскерлердің құрбанына айналуға. Түрлі желілер арқылы алаяқтардың арбауына түскен азаматтардың саны аз емес.

Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық полиция департаментінің киберпол басқармасы бастығының орынбасары Тимур Хамитов интернет алаяқтықтың алдын алу үшін өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды мәлімдеді.

– Интернет алаяқтықтың басқа қылмыстарға қарағанда басты ерекшелігі – жалпақ жұрттың бәріне қатысты жасалуында болып отыр. Ол дегеніміз – қолында компьютер, смартфон, планшеті бар адам кез келген уақытта интернет алаяқтардың құрбанына айналуы мүмкін. Қылмыскерлер уақыт талабынан қалмай, азаматтардың ақшалай қаражатын жымқырудың түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануда. Әсіресе, олар әлеуметтік желілердің мүмкіндігін

ұтымды пайдаланып отыр. Өңірде жыл басынан бері 298 дерек тіркеліп, ол жалпы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 37,3%-ын құрап отыр. Жыл басынан бастап облысымызда 118 интернет-алаықтық дерегі бойынша қылмыстық істер тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен 41 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған. Қазіргі уақытта өңірімізде ең жиі кездесіп жүрген бірнеше интернет алаяқтықтың түрлері бар. Ең жиі кездесетіні – өзін ұялы байланыс операторы немесе банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректеріңізге қол жеткізгісі келеді. Айта кету керек, Қазақстанның байланыс операторлары алаяқтық мақсатпен шетелден қоңырау шалатын



нөмірлерді бұғаттайды. Осы уақытқа дейін 50 миллионнан астам қоңырау бұғатталған. Облысымызда интернет-алаықтық қылмыстарымен айналысу мақсатында «Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы» құрылып, арнайы ақпараттық техникалармен жабдықталып ашу бағытында жұмыстарды атқаруда, – деді Тимур Зуфарұлы.

Қауіпсіздік шараларын сақтанып, өзіңізді алдауға жол бермеңіз!

«АЖ» ақпарат

ҚазҰУ – Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстандағы ең ірі және беделді жоғары оқу орындарының бірі. 90 жылдан астам тарихы бар бұл университет білім беру, ғылым және инновация саласында үлкен жетістіктерге жетіп, халықаралық деңгейде мойындалған.

ҚазҰУ 1934 жылы құрылып, Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны ретінде елдің білім беру жүйесінің негізін қалады. Университетке 2001 жылы ұлы ғылым, ойшыл Әбу Насыр Өл-Фарабидің есімі берілді. Осы уақыт ішінде ҚазҰУ мыңдаған жоғары білікті маман даярлап, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты.

Қуатты Қазақстанды экономикалық өсімге жеткізетін – сапалы білім мен іргелі ғылым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Қазір – ғылым мен білімнің заманы. Отанымызды көркейтеміз десек, ең алдымен, осы екі саланы дамытуымыз керек» – деген сөзін ҚазҰУ-нің ұжымы әр салада жүзеге асыруда. Университет 90 жыл бойы жоғары білім мен ғылымның қарашанырағы бола отырып, түрлі салада білікті кадрларды дайындау жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді. Бүгінде ҚазҰУ жетекші университет ретінде еліміздің экономикалық дамуына табысты үлес қосып жатыр. Қазіргі таңда ҚазҰУ базасында 7 ғылыми-зерттеу институты, 140 ғылыми зертхана,



34 ғылыми орталық пен 2 ұжымдық пайдалану зертханасы табысты жұмыс істейді. Университетте жалпы құны 36 миллиард теңгені құрайтын 400-ден астам жоба жүзеге асырылуда.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ – тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік кеңістікте мойындалған еліміздің жетекші университеті. Соның бірден-бір дәлелі ретінде – Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин қатысқан Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының ашылғандығын айтар едім. ҚазҰУ-

дің Омбыдағы филиалы «Халықаралық құқық», «Қазақ филологиясы» және «Көден ісі» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр мен магистрларды даярлайды. Болашақта қос дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Филиалдағы оқу үдерісін ұлттық университеттің профессор-оқытушылар құрамы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізеді. Алдағы уақытта шетелдік ғалымдарды тарту көзделіп отыр.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастарды біліммен, ғылыммен, рухани-тәрбиемен, инновациялық және өндірістік потенциалмен қамтамасыз ете алатын Республикалық деңгейде де халықаралық деңгейде де өзінің орны бар университет. ҚазҰУ білім мен тәрбиенің ошағы, қара шаңырақтан білім алған әрбір тұлға мемлекет болашағы. ҚазҰУ түлектері еліміздің түрлі салаларында табысты қызмет етіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосуда. Болашақта университет өз дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа белестерді бағындырып, әлемдік үздік жоғары оқу орындарының қатарынан орын алуға ұмтылады деп сенеміз.

Шахриязад АҚМУРАТ,

4 курс студенті,

Жетекші: Сансызбаева Г.Н. – д.ғ.н. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭБЖМ профессоры



Осыдан сексен жыл бұрын Кеңес қарулы күштері фашизмді талқандап, Еуропа халықтарын Гитлер басқыншылығынан азат етті. Сұрапыл

соғысқа қатысып, майдан даласында небір қилы сәттерді бастан кешіріп, ерліктің үлгісін көрсеткен батырлардың есімі ел есінде. Өз елінің тәуелсіздігі мен жарқын болашағы үшін күрескен ерлердің қатарында жерлесіміз Кеңшілік Жылқыбаев та бар.

МАЙДАНГЕР ЕРЛІГІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сол қаһарлы күндері соғысқа аттанған жауынгерлердің қатарында 19 жасында жорыққа аттанған Кеңшілік Жылқыбаев сұрапыл соғыстың ортасында болып, туған жерге жеті жылдан соң ғана оралды. Ұрыс даласында шыңдалған ол Берлин қаласы үшін болған шайқастарға қатысып, жаужүрек батыр Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа ту тіккен сәтіне куә болды.

Ол Жалағаш ауданының бұрынғы Жаңаталап, қазіргі Т.Жүргенов ауылында дүниеге келген. Елдегі көнекөз қариялардың айтуынша, әкесі Жылқыбай ел арасында абыройлы, беделді әрі ауқатты адамдардың бірі болыпты. Кеңшілік ата-анадан екі ағайынды еді, өкініштісі ел басына күн туғанда қан майданға алдымен аттанған інісі Жақыпбек Жылқыбаевқа туған жердің топырағы бұйырмады. Бауыры майдан даласында із-түзсіз кетті.



Осындай өнегелі әулетте туып-өскен ол соғыс басталғанда майданға өзі сұранады. Сол жылдың күзінде Воронеж қаласындағы офицерлер курсында әскери дайындықтан өткен соң соғыстың бел ортасында жүріп, жеңісті жақындатуға үлес қосады.

1942 жылдың наурыз айында алғашқы ауыр жарақатын алып, дала госпиталінде бірнеше ай емделіп, майдан даласына қайта аттанады. 1943 жылы коммунистік партия қатарына қабылданды. 10.1942-09.1944 жылдары атқыштар бөлімшесінің командирі, 09.1944-04.1945 жылдары есептеу бөлімшесінің командирі, 04.1945-09.1945 жылдары МСР немесе мотоатқыштар бөлімшесінің командирі міндеттерін адал атқарды. Украинаны азат ету үшін болған ұрыстардың бірінде де қолынан жарақат алған майдангер емделгеннен кейін де сарбаздар сапына қосылады.

Соғысқа бастан-аяқ қатысқан жауынгер 1947 жылы елген аман-есен оралады. Бейбіт күн үшін күрескен батыл да еңбекқор азамат атамекеніне оралғасын ел дамуы үшін аянбай еңбек етеді. Солы жылы Мақпалкөл ауылында ашылған төртжылдық мектепке мұғалім болып орналасып, жауапкершілігі мол шәкірт тәрбиелеу жұмысын атақарады. Содан 1953 жылға дейін «мектептің жүрегі», бала бағбаны болады.



Онан кейінгі қызмет сатыларына қарасақ, жігерлі әрі білімді Кеңшілік Жылқыбаевтың бірқатар салада абыройлы еңбек еткенін байқаймыз. 1953-1960 жылдары колхоз партия ұйымының хатшысы, 1960-1963 жылдары колхоз төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. 1963 жылы жер-жерде совхоздардың қайта жасақтала бастағаны белгілі. Сол кезеңде құрылыс бөлімінің жұмыс жүргізушісі, бригадир болып, ауыл шаруашылығы саласында түрлі қызмет атқарады.

Осылайша соғыста ерлік көрсеткен майдангер елге келгесін де жұртшылықтың қамын ойлап, халықтың тұрмысын түзеуге атсалысқан.

«Жеті өзеннің сағасындай» болып, дана қарттыққа жеткен соғыс және еңбек ардагері Кеңшілік Жылқыбаев 2006 жылы 84 жасында дүниеден өтеді.

Майдандағы көрсеткен ерлігі үшін екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, жауынгерлік ерлігі үшін, Германияны жеңгені үшін медальдарымен, Ұлы жеңістің 30, 40, 50, 55 және 60 жылдығы медальдарымен, Украина президенті Леонид Кучманың «Украинаны азат еткені үшін» медалімен марапатталған.

Соғыс ардагері жұбайы Қазына Жабағиевамен бірге 4 бала тәрбиелеп өсірді. Өкінішке қарай, майдангердің ұлдары дүниеден ерте озды. Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылындағы қарашаңырақта үлкен ұлы Жомартбектің балалары тұрып жатыр. Қызы Жаннат Жылқыбаева – жары Жарқынбекпен бірге 8 бала тәрбиелеп өсірген Батыр ана. Сырдария ауданы, Амангелді ауылында тұрады.

Қан майданда от кешіп, ел дегенде қара нардай қайыспай қызмет еткен Кеңшілік атының өмір жолы мен ерлігін, ел үшін атқарған еңбегін аздаған дерекпен жеткізу мүмкін емес. Халықтың амандығын ойлаған майдангердің еңбегі – ұрпаққа үлгі. Бізбен әңгімесінде қызы Жаннат Жылқыбаева майдангердің есімін есте қалдыру шаралары ұйымдастырылса деген өтінішін білдірді.

Айдана
ЖҰМАДИНОВА

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ – ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ СӘТТЕРДІҢ КУӘСІ

Ауылдан жаңа келіп, жатақханаға алғаш орналасқан сәт әлі күнге дейін есімде. Мен былтыр ғана салынған «Дилмаш» жатақханасына орналастым. Алғашқы күндері көрші қыздармен танысып, бейтаныс ортаға үйренісуге тырыстық. Бәріміздің көкейімізде бір сұрақ: «Алда бізді не күтіп тұр екен?» Көп уақыт өтпей, ауылымызды сағына бастадық. Сағынышымызбен бөлістік. Кейін керек-жарағымызды алу үшін бірге көшеге де шықтық. Уақытымыздың көбі жатақханада өтетіндіктен, көршілерімізбен қарым-қатынасымыздың жақсы болғаны маңызды. Бұл жағынан менің жолым болды. Қасымда әрдайым мейірімді, қамқор қыздар болды. Бірге тамақ ішіп, қуанышымызбен

мүмкін бола бермейтін. Сондықтан амалын тауып, терезеден кіретінбіз. Терезеге көрсетпей баспалдақ жасап қойдық. Сол баспалдақ арқылы кішкентай терезеден кіретін едік.

Жалпы қызықтар көп. Бір нанды бөлісіп жейсің, ойын ойнайсың, түнімен ұйқы көрмейтін күндер... Тоңазытқыштан зат алу деген де бар. Бірақ ол қарның ашқандықтан емес, қызық үшін ғана жасалады. Мен ұрлаған жоқпын. Бірақ кіші курста жүргенде 213-ші бөлменің затын 205-ке, 200-ші бөлменікің 204-ке салып, пакеттерді ауыстырып, түрлі «қызықтар» жасағанбыз. Түнде есікті ашқанша қағып, құрдастарымыздың мазасын алатынбыз. Таң атпай «субботник» деп алдап оятатынбыз. Кейін жауапкершілік алғанда бұзықтықты қойдық.

Ал мен студенттік декан болған кезімде мынадай бір жағдай болды. Қысқы демалыс

ыңғайсыз болғандықтан, дайындық жатақханада өтті. Вахтада отырған апайға қайта-қайта барып, үлкен залдың немесе жертөлелің кілтің сұрайтынбыз. Апай бермейтін. Ақыры тамақ жасап береміз деп, әзер көндіретінбіз.

Бір-бірімізге хабарласып, жиналып, дайындықты бастаймыз. Сценарийді ешкімге толық айтпадым. Әлі шықпаған ойымды өзімше биге айналдырып қойған едім. Қасымда өнердегі серіктесім бар. Екеуіміз бірге шығарамыз, себебі биде жұптық сәттер көп болды. Ән таңдауға келгенде, «Black Swan»-нің инструменталына тоқтадық. Себебі бұл әуен менің оқиғамды көрерменге жеткізе алатындай болды.

Кей кездері түнгі 2-ге дейін дайындалдық. Командаға тамақ дайындап беретін кездер де болды. Үстелдерді біріктіріп алып, бәріміз тамақтанып, ұйқымыз келіп, кейде ұйықтап қалатынбыз. Сонда да бір-бірімізді оятап, дайындықты қайта жалғастыратынбыз. Жалпы 10-15 күн осылай өтті.

Қасымдағы қыздар киімімді дайындап берді. Бір сәтте Аралдан костюм келетін болды. Оны таңғы 6-да жігіттер барып алып келді. Командам маған: «1 сағат ұйықтап алшы, миың тынықса тезірек жаттап аласың» деді.

Ұйықтап тұрсам, барлық затым жиналып тұр екен. Костюм де дайын. Сұлулық салонынан кейін бірден «Студенттер сарайына» кеттім. Бірнеше минуттан кейін жатақханадағы достарым менің барлық затымды әкеліп берді. Не керек екенін сұрап алып, барлығын дайындапты. 1-2 зат керек болып қалған кезде көршілерім бірден тауып берді. Бұл жерде олар жатақхананың ғана емес, менің де абыройымды ойлап жүрді.

Ең қиыны – таныстыру туры болды. Жертөледе отырып жалғыз жылайтынмын. Себебі бұл бөлімде өз өмірбаянымды айтып беру керек еді. Сценарийді жазу үшін оны біреуге айтып, бәрін қайта бастан өткізу керек болды. Бір күнім соған кетті. Айттым, жыладым. Әпкемдей болған Ақниетке апарғанда ол: «Ренжіме, бірақ бір сұрақ қояйын: анаң мен әкең бар ма?» деді. Сол кезде одан бетер елжіреп кеттім.

Осыдан кейін Ақниет пен Дамир ақылдасып, мәтінге түзетулер енгізді. Әр тур сайын Ақниет әпкем келіп, «Сенің



бөлісіп, бір-бірімізге қолдау көрсеттік.

Мектеп уақытынан бастап менің бір ерекшелігім – таңертең телефондағы оятқыш дабылын естімейтінмін. Иә, таңқаларсыз, бірақ менің ұйқым өте қатты. Кейде ойлаймын, көрші қыздар мені күнде оятпаса, университетке үнемі кешігетін бе едім деп.

Жатақхананың өзіне тән ерекше атмосферасы бар. Таңда тым-тырыс болса, кешке өмір жандана түседі. Бәріміз жиналып, ән айтып, әңгіме-дүкен құрамыз. Біздің жатақханада өнерлі жастар көп. Гитарасын қолынан тастамайтындар да бар. Бұрын қазақша әндерге қызығушылық танытпайтынмын. Ал қазір жатақханада қосыла шырқайтын әндер жүрегіме ерекше жақын.

Жатақханадағы жастардың басын қосып қызықты іс-шараларды ұйымдастыратып жүретін студенттердің көшбасшысы – Ақниет Мәулен. Ол қазақ тілі және журналистика кафедрасының 4 курс студенті, «Жауқазын» студенттік театрының төрағасы, «Дилмаш» жатақханасының студенттік деканы.

– Кез келген білім алушы жатақханада тұрып көруі керек. Егер ол жатақханада тұрмаса, студенттік өмірді толық сезіне алмайды. Себебі мұнда болған қызықтар, ерекше сәттер, жатақханадан тапқан достар қайталанбайды. Мұндағы достар тіпті бауырындай болып кетуі мүмкін.

Студенттер үйінде қызық өте көп. Мысалы, өзім баскетбол ойнаймын. 1-курста 5-ші жатақханада, ал 2, 3 курста ескі Дилмашта тұрдым. Сол кезде Илья Ильин саябағында түнгі сағат 1-ге дейін баскетбол ойнайтынбыз. Кешкі 11-ден кейін бізге доп ойнауға болмайды деп қанша тыйым салса да құлақ аспайтынбыз.

Ол жерде түрлі ұлт өкілдері бар: африкалықтар, қытайлықтар, жалпы Алтай жақтан келген қандас бауырлар. Бізді негізі ол жерге кіргізбейтін.

Қ а р ы м - қ а т ы н а с
о р н а т у

у а қ ы т ы .

Апайымыз кезекші болатын, іште адам аз. Түнде а п а й ы м ы з д ы камерадаң қорқытқанбыз. Ол кісінің жүрегі әлсіз екенін білдік, сондықтан алдын ала қасына бір адам жіберіп қойдық. 5-ші қабатқа балаларды жіберіп, адам қаза болғандай көрініс жасадық. Құлаған адамның үстіне ақ киім кигіздік. Біздің камера сұр түсте, түр-түсін анық көрсетпейді, сол себепті байқалмай қалады. Бәрін бір адам жасап жүргендей етіп көрсеткенбіз. Апайдың жүрегі қысылып, полиция шақыртқан. Бастыққа қоңырау шалып жатқанда тоқтаттық. Апайды тоқтату үшін біраз күш керек болды.

Жатақханада әсерлі сәттер де болады. Біреу өлең айтып бастаса, оған қарап тағы 5-6 адам қосылады. «Теңіз тамшыдан құралады» дегендей, бір ұйымшыл адамның бастамасымен бәрі ұйымдасып кетеді. Жалпы бізде өтетін мейрам болсын, шара болсын, студенттер түгелдей атсалысады. Барлығы ұйымшылдықпен қатысады. Ұйымшылдықтың болуы ең алдымен басшыға байланысты, – деп Ақниет жатақхананың қызықты кездерін еске алуда.

Оқу жылы ішінде көптеген іс-шара өтті: театр қойылымдары, жайдарман, күзгі бал, «Университет аруы» байқауы. Жатақханамыз бұл шаралардан қалыс қалмай, белсенді түрде атсалысты. Дайындық жұмыстары кезінде бірге жиналып, жоспар құрып, бірігіп атқардық. Соның нәтижесінде жақында «Университет аруы» байқауында жатақханамыздың атынан қатысқан Ангелина Прокопчук жүлделі 2-орынға ие болды. Ангелина байқауға дайындалғанда, жатақхана жастарының қолдауы ерекше болды.

– Дайындықты бастағанда біз ең алдымен орын іздеумен әлек болдық. Далада дайындалсақ, студенттердің бәрін сыртқа шығара алмаймыз. Алғашында команда жинау үшін біраз күш кетті. Сыртта дайындалу

«Студенттер сарайына» жиналар кезде барлығы бірге келетін. Біздің команда үш машинаға бөлініп, бір-бірін шақырып әкелетін. Сол жерде қайта дайындалып, ұрыс естіп, қайта түзейтінбіз. Бірақ маған ешқайсысы ренжімеді. Айқайласам да, «Дұрыс тұрсаңдаршы!», «Басқаша істе!» десем де, бәрі түсіністікпен қарайтын.

Тіпті шулап кетсе, іштерінен біреуі шығып: «Тыңдасаңдаршы, Ангелинаны» деп басқаларды тыныштандыратын. Олар менің не сезіп тұрғанымды жақсы білетін және әрдайым қасымнан табылып, жұбата білгені менің жүрегімді елжіретіп жіберетін.

Мен қатты шаршаған кездерде, биді үйретуге де шамам болмайтын. Сол кезде бөлмедегі көршім көмектесті. Би білмесе де, сырттай демеу беріп жүрді. «Ештеңе етпейді, бәрі жақсы болады, сенің қолыңнан келеді» деп қолдады. Кейін өнердегі серіктесім – Дамир келіп, «Демалып ал, мен өзім үйретем» деген. Алайда мен өзімді қайта қолға алып, соңына дейін дайындықты алып шығатын едім.

Таныстыру кезеңіне дауысты жазу уақыты келгенде, Ақниет Мәулен – менің анамның дауысын жазып берді. Оның дауыстық хабарламасын тыңдағанда жыладым. Өз дауысымды жазу керек кезде шыдай алмай, тоқтап қалатынмын. Бірақ амал жоқ, жасау керек болды. Сосын оны қайта тыңдап, тағы да жылайтынмын.

Байқауға бір күн қалғанда, бәрі дайын болды. «Осы бимен шығамыз, енді заттарыңды дайындай беріңдер» деп бәрін тараттым. «Көмекшілерімді» түнгі 3-те жібергенімді білемін.

Сол түні таңғы 6-ға дейін сұрақ-жауап турына дайындалдым. 100 сұрақ жаттадым.

қолыңнан келеді», «Бәрі сені қолдап жатыр» деп құшақтап, қолдау беріп тұрды.

«Сыр Аруына» жолдама берген кезде алға шықтым, командама қараймын. Олар маған қарамай, бір-бірін құшақтап жатыр. Байқау аяқталған соң, бәрі лап беріп маған қарай жүгіріп келді. Мен бас жүлде алмасам да, командама қарап өзімді жеңімпаз сезіндім -деп қызықты сәтін еске алды Ангелина.

Міне, біздің жатақханадағы студенттер арасындағы қарым-қатынас, қолдау мен сыйластық осындай. Жатақхана біздің өмірімізді жаңа бояуларға толтырды десек те болады. Бұл жерде біздің үйренгеніміз көп болды. Осы жерде біздің басымызды қосқан «Дилмаш» жатақханасы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне алғысымыз шексіз.

Студенттік шақ қызыққа да, қиындыққа да толы. Бұрын «Мен студент болғанда...» деп басталатын әңгімелерді естігенде, күліп қана қоятын едік. Енді сол сәттерді өзіміз бастан кешіп жатырмыз. Ерекше сезім. Мүмкін, 10-15 жылдан кейін мен де туған-туыстарыма осы кездер туралы сүйіспеншілікпен баяндап беретін болармын. Ал қазір мен осы сәтпен өмір сүріп, оның әр мезетін бағалауға тырысамын.

Мерей ШӘКРАТ,

Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің студенті



Жібек ШАХМАРДАНҚЫЗЫ:

Оңтүстік пен Солтүстіктің арасын жалғаған АҚЫН ҚЫЗБЫН

тілегін айтып, арқамыздан қақты. Осы жақсылығын ешқашан ұмытқан емеспін.

– Алғашқы айтысыңыз есіңізде бар ма, қайда және кіммен өтті?

– Қызылорданың аяулы ақын қызы Мөлдір Айтбай әпкемізбен әлеуметтік желіде танысып, біліскен шағымыз еді.

Бір күні ол менен «Жібек, домбыра тарта алсың ба?» деп сұрады. «Бойында айтыскерлік қыр бар екен. Өлеңдерінің техникалық құрылымында айтыскерлік қасиет байқалады. Домбыра тарта алатын болсаң әрі қарай алып кетерсің бәлкім. Қызылорда қаласына кел» деп қолдауын білдірді. Осы сөздер қанат бітіріп, айтысқа қатысуға деген талпынысымды оятты.

Байқауға қатысуға анам келісімін бергенмен, әкемнің рұқсатын алу біршама қиынға соқты. Қанша еркелетіп өсіргенімен, марқұм әкем болашағымға қатты алаңдайтын. Алғашқы байқауға қатысарда әулетіміз түгелдей әкемді көндіру үшін қолдан келгенін жасады. Атам мен әжемнің «болатын баланың бетінен қақпа, белін бу» деген бір ауыз сөзінен соң әкем батасын беріп, шығарып салды. Осы алғаш қатысқан байқауым Қызылорда қаласында өтті. Серікхан Жүзеев есімді ақынмен қарсылас болдым. Қалжыңмен қағытып отырып, әлдебір сөзіне намыстанып,

«Сен маған олай деме, Серікханым, Мағынасын сөзімнің дөп ұқпадың. Аппақ қызды қара деп мазақ еткен, Сені көрсем ойнайды нервтарым» – деп жауап бергенім есімде. Келесі кезеңге мүдірмей өттім. Кейін Нартай Бекежанов атындағы театрда үлкен айтыста тұсауым кесілді. Ол жерде өзім құралпы жастар арасында, құрдасымыз Төрехан Совет есімді айтыскер ақынмен сайысқа түстім. Жоғары деңгейде өнер көрсеттік. Арнайы жүлде алғаныммен бірқатар елге белгілі ақындардың жылы лебізін естіп, бас жүлде иеленгендей керемет көңіл-күймен елге оралған болатынымын. Содан бері бақандай 11 жыл өткен екен.

Мені қандай байқау болса да, барлығына анам алып жүретін. Осы айтыстан кейін жастар арасындағы аймақтық, Республикалық деңгейдегі айтыстарға шақырту ала бастадым. Әуелде қарсы болған әкем Алматыдағы айтысқа өзі алып барған күндер болды.

– Білуімізше арқа сүйер азаматыңыз да айтыскер ақын. Қостанай өңірінің тумасы Тоба Өтепбаймен жолыңыз қалай тоғысты? Бір шаңырақтың астында қос ақынның ғұмыр кешуіне көп-шілік қызыға қарайтын болар. Бір-біріңізге қаншалықты қолдау көрсетесіздер?

– Иә, бүгінде Оңтүстік пен Солтүстіктің арасын жалғап отырған ақын қызбын. Жалпы ақындар

бір-бірін көрмесе де, әлеуметтік желі арқылы өнеріне қанық болып, сырттай жақсы таниды.

Әулетімізде қайғылы жағдайлар бірінен соң бірі орын алып, біршама уақыт айтыстан қол үзіп қалдым. Дәлірек айтсам, әуелі атам дүниесі салды. Одан кейін ізін суытпай өзімнің асқар тауым әкем дүниеден өтті. Әбден есеңгіреп, меңіреу күй кешіп жүрдім. Араға уақыт салып, енді есімді жиып, өзіме келе бастағанда жоғарыда тілге тиек еткен Сәкен ағам да кенеттен жол апатына ұшырап, бұ дүниеден аттанып кете барды. Сағым сынып, тауым шағылған ең ауыр кезең осы жылдар еді. Ағамның қырық күндік асынан кейін Алматыға қайта оралып, мектепке жұмысқа орналастым. Осы сәтте Алматыда тағы бір ауқымды Республикалық айтысқа қатысуға шақырту алған едім. Бастапқыда келісім бергеніммен, қайғылы жайттан есімді жия алмай, дел-сал күйде жүргенде ішкі дайындығым жоқ екенін түсіндім де қатысудан бас тарттым. «Тым болмаса көруге келсеңші» деген құрбыларымының өтінішін жерге тастай алмадым. Қазаққа «Көңіл көрген жерде» деген сөз бар ғой. Айтысқа барғанымда сондағы ақындар көрісіп, көңіл айтып жатты. Қатысушылар арасында Тоба Өтепбай да бар еді. Осы алғашқы кездейсоқ кезігуден кейін әлеуметтік желіде маған достық жіберіп, таныстығымыз сонда жалғасты. Алыста болса да сырласып, жаным жабырқау сәттерде ол маған үлкен демеу бола білді. Бір-бірімізді жақын танып, қарым-қатынасымыз сезімге ұласқанда ол Астанадан Алматыға келіп сөз байласып, уәдемді алған болатын. Бірақ көп ұзамай жол апатына ұшырадым. Өмірімде күтпеген жағдайлар орын алды. Жарты жыл ем қабылдаған соң ғана аяқтан тұрып, күзге салым той күнін белгіледік. Құлағымға сырға салып, Сыр елінен Қостанайға ұзатылдым. Қызығы біздің арамыздағы әңгіме өзгелер секілді сезім мен махаббат тақырыбында емес, философиядан, Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін талдаудан тұратын. Сол жылдардағы әңгімемізді әлі күнге дейін еске алып, бір күліп алатын сәттер болады.

Бір-біріміздің өнерімізге қашан да қолдауымызды аямаймыз. Қолымыздан келгенше қамқорлық танытамыз. Шаңырақ көтерген алғашқы жылдары бірден айтысқа шығып кеткенім дұрыс болмас деп, әйелдік міндетімді бірінші орынға қойдым. Ерім қандай сапарға шықса да оған тілеулес болып, күліп шығарып салып, күліп қарсы алуды жөн санадым. Кейін біртіндеп аймақтық айтыстарға бірге қатыса бастадым. Отбасылық айтыстарға шықтық. Өмірге перзент алып келген соң араға біршама жыл салып, үлкен үзілістен кейін қайтадан айтысқа оралу оңай емес. Күйеуім түсіністік танытып, қолдауын үнемі білдіріп отырады. Сол үшін мен де оған ризашылығымды білдіремін.

Қандай қызық, қуаныш болсын, жалғыз бармауға тырысамыз. Жұбымыз жазылмай бірге жүреміз. Соның өзі бір-бірімізге көрсеткен құрметіміз деп білемін. Төркін жұртым қалай қолдау білдірсе, ерімнің әулеті де дәл солай қолдан келген қолдауын аямады.

– Қарсыластың сөзіне іштей ренжіген сәттер болды ма? Айтыстағы ерекше қарсыластарыңыз жайлы немесе есте қалған жағдаймен бөліссеніз.

– Әрине, қатты айтып көңілге тиетін қарсыластар болады. Ізденген ақпараттары, жалған мәліметтері, білмей жатып сөйлеп қоятын сәттері болады. Оған сол сәтте сөз тауып, барынша жауап беруге тырысамыз. Бірақ оған аса қатты «көңіліме тиді, өкпелеп қалдым» деген тұстарым жоқ.

Ал есте қалған қарсыласқа келер болсақ, айтыскер ақын Дәурен Ысқақпен өткен айтыстарымыз сәтті шығады. Екеуіміз оқушы кезімізде де, студенттік шағымызда да айтысқанбыз. Жақын дос, замандастарымыздың бірі. Одан кейін қазір YouTube желісінде бар, оралдық ақын Орынбек Меңдіқұлмен айтысым сәтті шыққан деп санаймын. Себебі көзі қарақты көрермен әлі күнге дейін аузынан тастамайды.

– Айтыс – өнер ғана емес, азаматтық позиция білдіру құралы деп санайсыз ба?

– Иә, өзінің көрген-білгенін, қоғамда болып жатқан жағдайды айтуға әр ақын

құқылы. Дегенмен қазаққа «жақсы сөз – жарым ырыс» деген бар. Жаман нәрсені ғана емес, жақсы жағын да көріп, жақсылыққа шақырып жүргені дұрыс деп санаймын.

Әрине, қоғамдағы жағдайларды айту борышым деп санайтын ақындар да бар. Соның бірі өзімнің жан жарым Тоба. Әрбір айтысында бос сөйлемгеуе тырысады. Қоғамдағы қордаланған мәселелерді, халықтың көкейінде жүрген дүниелерді айту үшін тынымсыз ізденеді. Бұл әрине менің жарым ғана дегенді білдірмейді. Айтпағым, нағыз ақын осындай болуы керек секілді менің ойымша.

– Өзіңізге үлгі тұтатын ақындар кімдер?

– Әрбір ақынның бойында үлгі боларлық бір жақсы қасиет табылады. Мен көзімді ашқалы Сәкен ағамның айтысын тамашаладым. Ал, қыздар қауымынан Қарлығаш Әубәкірованы айтар едім. Дауысының сыңғыры, өзін ұстау мәдениеті, нәзіктігіне қарап, өзім сол кісідей болғым келетін. Әрине ол кісіге еліктеген жоқпын. Бірақ оның өмір жолы, отбасына, еріне деген адалдығы, ғылым саласына да үлесін қосқан ардақты жар, аяулы ана болған соң осы кісіні үлгі тұтамын. Одан кейін өзіммен аттас Жібек Болтанова апайымызды айтқым келеді. Ол кісінің айтыс мақамын алып шыққаным 7-8 жыл болыпты. Батыс Қазақстанға жол түсіп, кезекті байқауда бақ сынағанымызда «өзімді көргендей болдым» деп жүлдеменің үстіне жүлде қосып, сахналық киім тіктіріп берген болатын. Әлі күнге дейін ара-тұра сахнаға жарқыратып киіп те жүрмін.

– Сонымен қатар ән жазумен және әнге сөз жазумен де шұғылданаңыз. Әншілердің орындауындағы авторлық туындыларыңыз жайлы айтып бересіз.

– Айтысты қалай жақсы көрсем, әнді де солай жақсы көремін. Алматыда жүргенде әрі әнші, композитор, әрі театр әртісі Ақбота Рахатпен танысып, ең алғаш «Өмірім – өнерім» атты ән жазған болатынбыз. Одан кейін Абу Кай есіммен танылған жас әншіге «Жаңалығымсың» деп аталатын ән жазып бердім. Иса Әлімұсаның үш әніне мәтін жаздым. Соған соң Альбина Шардарованың «Солай ма?» атты әніне сөз жаздым. Осы нұсқасына бейнеклип түсірген болатын. Алмасхан Насыровтың да әніне сөз жаздым.

Жуырда шығармашылығымды қайта қолға алдым. Бұйырса әнші Жігер Ауыпбаевтың орындауында бірнеше авторлық туындымыз жарыққа шыққалы отыр. Тағы да басқа әншілермен жұмыс істеп жатырмыз. Әлі жарыққа шықпаған біршама дүниелер бар. Сәтін салса елмен бөлісеміз деп сенемін.

– Әйел айтыскер ретінде көбіне қандай қиындықтарға тап боласыз?

– Әуелі әйел, сосын ана атанған ғұмырым енді басталып жатқан соң аса бір қиындық көрмедім, шүкір. Сәбилі болғанда енем мен анам барынша көмектесіп, шақалаққа жасалатын күтімді үйретті. Жұдырықтай сәбидің бабын табу оңай шаруа емес. Қазір отбасымызбен Астана қаласында тұрамыз. Қиындықтардың бәрі артта қалды, Аллаға шүкір. Қандай да бір айтысқа қатысатын болсам қызыма туыс-туғандарым қарасып, көмегін аянып қалмайды.

Кейде «бойдақ күнімде неге көп ізденбедім, неге көп кітап оқымадым екен» деген ойлар болады. Себебі отбасында баланың бабы бөлек, еріңнің бабы бөлек. Әйелдің тіршілігі көзге көрінбегенімен қайталаана беретін іс энергиянды алатыны жасырын емес. Осындай сәттерде ара-тұра әлгі ойлардың мазалайтыны бар. Сөйтсем мұным тұрмыс құрған ақын қыздардың көбінің көкейінде жүретін ой екен.

Бүгінде Аманжол Әлтаев ағамыз жас буынға, оның ішінде қыздар қауымын да назардан тыс қалдырмай, айтыстарға қосып жүр. Қатарында өзім де бармын. Көрсетіп жатқан қолдауы үшін алғысымды білдіргім келеді.

– Айтысқа қызығатын және осы өнерге енді қадам басқан жас буынға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Ең әуелі тәуекелшіл болу керек. Осы өнерді сүйіп келуі тиіс. Айтыс – синкреттік өнер. Оның берер құндылығы ешқашан таусылмайды. Әлі күнге дейін әр айтыс сайын шындалып, сабақ алып қайтамыз. Қазір ақындар бір-бірін жиі қайталайды. Қазаққа не көп, терме көп, дәстүрлі ән көп, мақам көп. Ендігі жас буын ешкімді қайталамай, таймай ізденіп, жүрегіне қонып тұрған, өз табиғатын аша алатын түрлі мақамдарды айтысқа алып келсе екен. Қалың қазақ әрбір айтыскерді қамамынан танып, ажырата алатын деңгейге жетсе қандай ғажай.

– Сүбелі сұхбат болғанына сенімдімін. Уақыт бөлгеніңізге алғыс білдіремін!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ



Бала күнімде ешқандай үйретусіз-ақ домбыра шерте білген екем. Осы қабілетімді байқаған анам мені домбыра үйірмесіне берді. Музыкада «слух» деген термин бар. Міне осы «слух» менде ерте жастан дамыды. Үйірмеге қабылданаарда ешкім үйретпесе де бірнеше әнді «слухпен» орындап беріп, Кенжегүл есімді ұстазымыздың домбыра сыныбына қабылдандым. Мектеп қабырғасында жүргенде биге де үйір едім, спортқа да жақын болдым. Бала болған соң барлығын білгің келіп тұрады, сан түрлі бағытта өзіңді сынап көргің келеді. Бірақ сол жылдары ақындық жайлы түсінбедім, бойымда бар қасиетті аса бір қолға алмадым. Тіпті күйші болсам деп армандағанмын. Тілеуімді тілеп, осы өнер жолына келуімді қатты қалаған марқұм атам мен әжем еді. Үлкен әулет болған соң үйге келім-кетім қонақтар көп болатын. Бір күні атам «қызым, шаңырақтағы әрбірімізге арнап бір-бір шумақтан өлең дайындап қойсаңшы» деді. Содан бастап үйге келген қонаққа, туыс-туғанның шаңырағындағы қызықшылықта өз арнауымды айтып беретінмін. Сыныпта шығарма жазуға тапсырма берілсе, бірінші бетіне шығарма, екінші бетіне міндетті түрде өлеңмен түйіндеп, үздік баға алушы едім. Айтысқа қатыспасам да әлеуметтік желіде ақын достарым көп болатын.

Ал білім алған салама келер болсақ, туған ауылымдағы мектепте 11-сыныпты тәмамдаған соң Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық университетіне, «Дәстүрлі ән» факультетіне оқуға түстім. Бір жыл Батыс мектебінде дәріс алдым. Біршама конкурстарға да қатыстым. Дегенмен қанша жерден әнге, өнерге ғашық болсам да, менің жолым бұл емес екенін түсіндім. Өнер жолы қыз баласына жеңіл емес. Таңдауымды жасап, бірінші курсты аяқтаған соң «филология» факультетіне ауыстым. Бірақ оған дейін де, ауысқаннан кейін де дәстүрлі ән мен айтысты қатар алып жүрдім. Осылай төрт жыл демде сырғып, «филолог» мамандығын алып шықтым. Бұл таңдауым үшін ешқашан өкінген емеспін. Алматы қаласында мұғалім болып та жұмыс істедім.

– Айтысқа қалай келдіңіз? Бұл жолды таңдауға кім немесе не түрткі болды?

– Бала күннен Сәкен ағамның айтысын асқан қызығушылықпен тамашалайтынмын. Ағамның өзіне де айтысқа қатысқым келетіні жайлы сөз қозғағанымда, ол маған «өзіңнің жүрек қалауынды тыңда. Табиғатыңды жоғалтпа. Ешкімге еліктеме. Жеке көзқарасыңды, айтқың келген ойыңды өлеңмен жеткізсең ғана шын ақын бола аласың» деп ақыл-кеңесін айтқаны есімде. Айтыстың техникасын үйретіп, бағыт-бағдарын түсіндіретін ұстазым болмады. Сәкендей айтыскер ағам болса да, ол кісіге дайындығымды тексертіп, ұйқас сұрауға ұялатынмын. Қазіргі уақытта ұстаз бен шәкірт арасында тығыз байланыс бар ғой. Өмірде мінезім ашық адам болсам да, өнерге келгенде осындай ұяңдығым, ұялшақтығым бар. Бәлкім бұл менің өнерге хәм өзіме деген адалдығым шығар деп білемін.

Жоғары оқу орнында оқып жүргенімде Сәкен ағам мені белгілі ақын Серік Қалиевпен таныстырды. Пейілі баладай, ақеділ адам. Сол кісіні ұстазым деп санадым. Маған жөн сілттеп, жол көрсетіп, үнемі дүбірлі додалардан қалдырмай, аламан айтыстарға қосып отыратын. Қашан көрсек те ақжарма



БЕДЕЛІ БИІК БІЛІМ ОРДАСЫ



Құрметті мектеп түлектері! Аздаған уақыттан кейін өміріңіздегі ең маңызды кезеңдерге қадам басқалы отырсыз. Алдағы ҰБТ-ға сәттілік тілей отыра, Сізді дұрыс таңдау жасауға шақырамын!

Болашағыңызға бағытталған сенімді қадам – университетті дұрыс таңдаудан басталады. Біздің университет тек бүгінгі емес, болашақтың білім мен ғылымын дамытушы. Студенттерімізге жаңа мүмкіндіктер, кәсіби өсім және таңдаулы әлемдік тәжірибені ұсына отырып, біз үздік мамандар мен көшбасшыларды дайындаймыз!

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті аймақтағы жалғыз көпсалалы оқу ордасы.

• Тегін білім беру жүйесі:

- Мемлекеттік грант;
- «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» - «Серпін-2050» бағдарламасының гранты;

- Аризона университетімен (АҚШ) координаттық бағдарламасы;
- Педагогикалық және техникалық атаулы гранттар;
- Дуальды оқыту. Университеттің перспективалары:
- Халықаралық байланыстар мен мүмкіндіктер:** 2022 жылдан бастап университетіміз Аризона университетімен (АҚШ) стратегиялық әріптестікті дамытып, Қазақстан студенттеріне әлемдік білім беру тәжірибесіне қол жеткізуге мүмкіндік беріп келеді. Бұл олардың кәсіби көкжиектерін кеңейтіп, халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.
- Осы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – ақпараттық технологиялар, биотехнология және арнайы білім беру бағыттары бойынша координаттық бағдарламаларды ұсыну. Мектеп түлектері, осы жобаға деп арнайы бөлінетін, мемлекеттік ГРАНТТАРҒА ие бола алады.
- Бұл бағдарламалар студенттерге халықаралық стандарттар бойынша білім алуға, Қазақстан мен АҚШ оқытушыларынан дәріс алу мүмкіндіктерін береді. Осы бағдарламада оқитын студенттер үшін бірқатар маңызды артықшылықтар бар:
 - сабақтар тек ағылшын тілінде,
 - Аризона университетінің электрондық білім беру ресурстары,
 - Аризона университеті курстарының онлайн және офлайн үйлесімі,
 - Аризона университеті профессорларының тәлімгерлігі.
- Сонымен қатар, 4-ші курста студенттер Аризона университетінің Тусон қаласындағы бас кампусында бір семестр оқу мүмкіндігіне ие болады. Қозыбаев университеті барлық шығындарды толық өтеуді қамтамасыз етеді. Мысалы, 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде 33 студентті АҚШ-қа жіберу жоспарланып отыр.
- Үздік оқытушылар құрамы.** Университетімізде тәжірибелі профессорлар мен практик

мамандар жұмыс істейді, олар сізге сапалы білім мен тәжірибе береді.

- Заманауи инфрақұрылым.** Заман талабына сай жаңа кампустар, жатақханалар, аудиториялар, кітапханалар, зертханалармен қамтамасыз етілген.
- Икемді білім беру траекториялары.** Университет студенттерге теориялық дайындықпен қатар нақты өндірістік жағдайларда практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік беретін дуальды оқытудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл тәсіл түлектердің еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуына кепілдік береді.
- Көп деңгейлі білім.** Университеттің білім беру жүйесі үш деңгейден тұрады:
 - Бакалавриат-кәсіби білімнің негізі (педагогика, медицина, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары)
 - Магистратура-тереңдетілген мамандандыру
 - Докторантура-ғылыми-зерттеу даярлығының жоғары деңгейі
- Ғылыми зерттеулер мен инновациялар.** Университетіміз ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдайды, студенттерге өз зерттеулерін жүргізу, халықаралық конференцияларға қатысу мүмкіндіктерін ұсынады.
- Қызыққа толы студенттік өмір.** Түрлі бағыттағы студенттік клубтар мен жастар ұйымдары тұлғалық және көшбасшылық дамумен қатар, республикалық, халықаралық мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді.
- Кәсіби даму:** Біз студенттеріміздің тек теориялық білім алып қана қоймай, сонымен қатар өз саласында тәжірибе жинақтауына барынша жағдай жасаймыз. Оқу барысында тәжірибелі жобалар, стажировкалар және жұмыс орнындағы оқыту сіздердің болашақтағы мансаптарыңызға зор әсер етеді.
- Жоғары білікті оқытушылар мен ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері:** Оқу орындарындағы тәжірибелі профессорлар мен ғылыми жетекшілер сізге болашақта тек білім емес, ғылымда да өз жолыңызды табуға көмектеседі.

- Қолайлы оқу және тұрмыстық жағдайлар:** Университетіміз студенттерге сапалы білім алу үшін барлық жағдайды жасайды. Заманауи оқу ғимараттары, зертханалар, жатақханалар және түрлі әлеуметтік мүмкіндіктер сіздің оқу процесіңізді ыңғайлы етеді.
- «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» - «Серпін-2050» бағдарламасының гранты.** 2025-2026 оқу жылына 200-ге жуық грант бөлінді. Осы бағдарламаның түлегі үшін грантты 2 жыл жұмыспен өтеу.
 - өмірлердегі кәсіпорындарға 2-3 курстан бастап бекіту (кейін жұмысқа орналасып тәжірибеден өту);
 - жұмысқа орналасуға жәрдемдесу (түйін-деме жасауға көмектесу, әңгімелесуден өтуге дайындық, Бос орындар жәрменкелерінде ұйымдастыру және т. б.);
 - 4 курс студенттері үшін дуальды оқытуға жолдама;
 - өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау;
- 2025 жылдан бастап университет тек студенттер үшін ғана емес, сонымен қатар бағдарламаның жұмысқа орналасқан түлектері үшін жатақханада тұруды қамтамасыз етеді. Сіздің болашағыңыз осы жерден басталады: Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті!
- Мекен-жайымыз: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, М.Жұмабаев көшесі №114
- Бізбен байланыс: <https://ku.edu.kz>
- Қабылдау және рекрутинг кеңсесі: +7 (7152) 493037 +7 (7152) 493343
- «Серпін» бағдарламасы бойынша сұрақтар: + 7776 113 50 11, + 7 775 182 33 74.

Ербол ИСАҚАЕВ,
Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің басқарма төрағасы-ректор

Мектеп – әр адамның жүрегінде ерекше орын алатын, өмірдің алғашқы баспалдағы саналатын қасиетті шаңырақ. Адам баласы ең алғаш өмірді тануды осы мекемеден бастайды. Қолына қалам ұстатып, әріп пен цифрды үйретіп, дүниетанымын қалыптастыратын – мектеп. Бұл білім ордасы тек білім берумен шектелмейді, сонымен қатар адамгершілікке, еңбекқорлыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді. Сондықтан да мектеп – білімнің ғана емес, бүкіл өмірдің кілті деуге толық негіз бар.

БІЛІМНІҢ КІЛТІ – МЕКТЕПТЕ

Мектеп қабырғасында өткен әрбір сәт – оқушы үшін баға жетпес естелікке айналады. Таңғы қоңырау үні, алғашқы партаға отырған сәт, ұстаздың жылы жүзі, достармен өткізген қызықты сәттер – мұның бәрі өмір бойы жадында қалары анық. Бұл кезең – тек оқып, білім алатын уақыт емес, сонымен қатар тұлға болып қалыптасатын шақ. Адамның мінезі, дүниетанымы, болашаққа деген көзқарасы осы кезеңде қалыптасады. Демек, мектеп өмірдің іргетасын қалайтын маңызды орын.

Ұстаз – мектептің жүрегі. Мұғалімдер – оқушының бағыт-бағдарын айқындап, өмір жолына жетелейтін жандар. Олар тек пән үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар шәкіртінің жан дүниесін түсініп, рухани демеу бола біледі. Әр баланың бойындағы қабілетті байқап, оны білу – шынайы ұстаздың еңбегі. Жақсы мұғалім оқушыны тек білімді ғана емес, саналы азамат етіп тәрбиелейді. Сол себепті де ұстаздың рөлі – айрықша.

Б і л і м

– адамның өмір бойғы серігі. Білім арқылы адам өз арман-мақсатына жетеді, қоғамда өз орнын табады. Ал білімнің бастауы – мектепте қаланады. Қазіргі заманда ғылым мен технология қарқынды дамып жатыр. Осындай бәсекеге толы кезеңде әр адам үздік болуға, білімі мен біліктілігін арттыруға ұмтылуы қажет. Бұл ретте мектеп қабырғасында алған білімнің орны ерекше. Мықты негізі бар адам ғана болашақта биік шыңдарға жете алады.

Мектеп – тек оқушылар үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де маңызды орын. Себебі мұнда елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиеленеді. Қоғамның дамуы да, елдің көркеюі де сапалы білім мен тәрбиеден басталады. Сондықтан мемлекет тарапынан білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуде. Заманауи технологиялар, жаңа бағдарламалар, цифрлық білім беру жүйелері енгізіліп жатыр. Алайда бұлардың бәрі ұстаздың жүрегі мен ықыласын алмастыра алмайды. Қандай жаңалық болмасын, шәкірт пен ұстаз арасындағы рухани байланыс басты орында қала бермек.


Сондай-ақ мектеп оқушының бойындағы жасырын таланттарды ашуға үлкен мүмкіндік береді. Спорттық ж а р ы с т а р ,

ғылыми жобалар, шығармашылық байқаулар арқылы оқушылар өз қабілеттерін жетілдіріп, жан-жақты дамиды. Әрбір баланың дарыны әртүрлі, ал мектеп осы әртүрлілікті қолдай отырып, олардың жарқырап шығуына жағдай жасайды. Мектеп қабырғасында табылған хобби кейін болашақ мамандыққа айналуы да ғажап емес.

Қазіргі уақытта көптеген түлектер мектепке үлкен алғыс сезімімен оралып, өздерінің жетістіктерін алғаш білім алған ордасымен байланыстырады. Олар: «Мектеп болмаса, мен болмас едім» – деп жиі айтады. Бұл сөздің түп-төркінінде мектептің өмірлік жолдағы маңыздылығы жатыр. Шынында да, өмірде биік белестерге жеткен әрбір адамның артында білім берген ұстазы, тәрбиелеген мектебі тұрады.

Қорытындылай келе, мектеп – тек оқу орны ғана емес, үлкен өмірге дайындықтың алтын ұясы. Мұнда тек пән үйретілмейді, адамдық қасиет, достық, патриоттық сезім, жауапкершілік сынды құндылықтар қалыптасады. Білімнің кілті – мектепте екені сөзсіз. Сондықтан әр оқушы мектепте өткен күндерін қадірлеп, алған білімін өмірде орынды пайдалана білуі тиіс. Мектеп – өткеннің естелігі, бүгінгі тірегіміз, болашаққа апарар жолдың бастауы!

Маржан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы №138 орта мектептің 11-сынып оқушысы



ҮРКІМБАЕВҚА АРНАУ

Толғансам, шымыр етер жас жүрегім,
Қылқалам, бұ жүректің басыңы лебін.
Айнала таскерен боп қалған кезде,
Өлеңмен сезем өмір ащы демін.

Мен бүгін өлең жаздым жерлесіме,
Тілім мен жүрегіме бер несібе.
Атамызды еске алып жатқан кезде,
Бұл тілге көсеу болам мен несіне?!

Таза тіл, асыл сөздің қыранысын,
Қара өлеңнен таймайтын қырағысын.
Тағдыр салған тәлкекке сынбай төзген,
Сен, ата, қара өлеңнің сыңарысын.

Жиырма жаста таңылған тар төсекке,
Сол тар төсек қылмады оны бос өкпе.
Жас жүрегі тұрған еді алқынып,
Қолы шалақ, естімейді десек те...

Жырға қосты әділдікті, шындықты,
Ақыратпай кім әлсізді, кім мықты.
Соғыс жайын баяндады бүкпесіз,
Жас буындар оқыды да, білді, ұқты.

Жаралымын деп үйінде жата алман,
Жырға қосты, колхоз жайын, қаһарман.
Қасқырбаев, Байназаров ақынмен,
Тайталасым, «төбе ақыны» атанған.

Айтыста да қарсыласын «сіз» деген,
Ұлық болып, сыйластығын үзбеген.
Төлеубайдың қолдау болды өлеңі,
Соғыс жақта жүрген жанға жүздеген.

Жер-жаһанға аты шыққан мұнарам,
«Тарлан» деген теңеуіңнен құламан.
«Шындықты өрген өлеңменен» кітабың,
Алдында тұр дүйім жұрттың сұраған.

43 тің суық күзі, дара күн,
Төкең үйі қуанышқа толатын.
Ұл туылып Қуанышбай есімді,
Сері Нартай есім қойған болатын.

Жоқшылықтың талай тартып зардабын,
Көмек сұрап билік жаққа бармадың.
Өкінішті елу жеті жасында,
Үш бөлмелі тоқал тамда солғаның.

Динара ФАЗЫЛ,
Жалағаш ауданы

БІЗ КЕРЕМЕТПІЗ, БІРАҚ ӨЗІМІЗГЕ СЕНБЕЙМІЗ

Бүгінгі оқушы жан-жақты. Бірі математикадан республикалық олимпиаданың жеңімпазы, екіншісі TikTok-та миллион көрілім жинаған автор. Бірі үш тілді еркін меңгерген, екіншісі кәсібін ашып үлгерген. Иә, шынымен де, біз – кереметпіз. Бірақ осы кереметтігімізді өзіміз мойындай алмай келеміз.

Жеке өзімнен бастайын. Кейде жақсы идея келсе де, жариялауға жүрексінем. «Кемшілік қала ма?»,

«Достарым не дейді?» – осындай ойлар көп нәрседен бас тартуға мәжбүрлейді. Шығармашылықпен айналысам десем, «мықтысырақ біреу бар шығар» деп өзімді тоқтатам. Осы сәттерде бір нәрсе анық сезіледі – сенімнің жетіспейтіні.

Қазір оқушыларға мүмкіндік көп сияқты көрінеді. Курс көп, бағдарлама көп, интернет қолда. Бірақ сол мүмкіндікті алуға, батыл қадам жасауға келгенде кідіріп қаламыз. Себебі бізді тым ерте ересек етіп қойды. Тестілеу, балл, рейтинг, «мамандық тандап қойдың ба?» – деген секілді сауалдар... Бұның бәрі ішкі дауысымызды басып тастады.

Мұғалімдер мен ата-аналар «сен жасай аласың» дейді, бірақ біз сенбейміз. Бізді көп салыстырды. Бір тапсырмаға үлгермесек те, «пәленшенің баласы озып кетті» деген мысал дайын тұрады. Уақыт өте келе, өзімізді өзіміз ғана емес, өзгенің көзімен бағалауға үйрендік.


Бірақ бір нәрсе анық: біз жалқау емеспіз. Бізге тек демеу мен түсіністік қажет. Біреу біздің үнсіздігімізді түсінсе, біреу сенімсіздігімізге себеп іздесе. Біз бір сәттік мақтауға емес, ішкі сенімге зәруміз. Өйткені шын мықтылық – өзіне сенуден басталады.

Мен өзіме 100% сенемін деп айта алмаймын. Бірақ сенуге тырысып жүрмін. Біз кереметпіз. Иә, кейде сенімсізбіз. Бірақ біз өзгеріп келеміз. Және бұл ең маңыздысы.

Қорытындылай келе, менің көзқарасым – біздің бойымызда күш пен қабілет жетерлік. Бірақ сол күшті іске қосу үшін сырттан емес, өз ішімізден сенім іздеуіміз керек. Бізді тыңдайтын, түсінетін, салыстырмайтын орта болса – біз одан да биікке көтерілеміз. Өзімізге деген сенім – жүректегі ең үлкен күш. Ал егер сол сенімді бірге оята алсақ, біздің ұрпақтың болашағы мүлде жаңаша жазылады.

Анеля ЖҰМАБЕК,
№125 Ыбырай ұлттық мектебінің 11-сынып оқушысы






Қанатын кенге жайға білім ордасы 2010 жылдан бері арнайы педагогика мамандығын даярлау бағыты бойынша білім береді. Осы бағыт бойынша логопедия, дефектология мамандарын оқытатын өңірдегі жалғыз университет. Қазірде орта білімнен кейін 4 курс, кәсіптік білімнен кейін (колледж) 3 курс және екінші жоғары оқу орнынан кейін 2 курс білім алуа. Ашығын айтсақ, аймақта аталған сала бойынша жұмыс істеушілердің де басым көпшілігі осы «Болашақ» университетінің түлектері десек артық болмас. Өйткені студенттері оқу барысында арнайы орталықтарда іс-тәжірибеден өтіп, өздерін шыңдап, әрі қарай жұмысқа да қабылдана алады.



МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ – МАҢЫЗДЫ ТАҢДАУ

Апта басында университетпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірігіп жұмыс істеп отырған бірнеше орталықтың жұмысымен танысу үшін арнайы ат басын бұрдық.

Оның алғашқысы – аутизм диагнозы бар балаларға арналған «Асыл Мирас» орталығы. Орталық директорының уақытша міндетін атқарушы – Гүлайым Күлетова. Бір айта кетерлігі, Гүлайым Масакқызы біз айтып отырған оқу ордасының түлегі.



– Орталық жұмысын 2016 жылы бастады. 2022 жылға дейін жеке орталық болып жұмыс істеп, сол жылдан бері қарай мемлекет қарамағына өтті. Орталық күнделікті 90 баланы қабылдай алады. Олар үшін арнайы 13 маман 2 ауысыммен жұмыс істейді. Бүгінде «Болашақ» университетімен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесе жұмыс істеп келеміз.

Өзім – «Болашақ» университетінің түлегімін. 2022-2024 жылдары арнайы педагогика мамандығы бойынша білім алып шықтым. Биыл осы қасиетті шаңырақтың есік ашқанына 30 жыл толып отыр. Заман талабына сай түрленіп, ілгерілеп келе жатқан оқу ордасы мықты мамандарды даярлап шығаруда. Бакберген Досманбетов ағамызға Қызылорда қаласында осындай университеттің негізін қалап, жастардың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жол ашқаны үшін үлкен алғыс айтуымыз қажет.

Бүгінде әрбір түлегі абыройлы қызмет етіп, ел дамуына зор үлесін қосып келеді. Тіпті, «Асыл Мирас» орталығының өзінде осы университеттің дипломын алып жұмыс істеп жатқан білікті мамандар жетерлік. Оның үстіне студенттері де іс-тәжірибеден өтіп, өздерін шыңдауда. Оқу ордасымен үнемі байланыс орнатып отырғандықтан бірлесіп іс-шаралар өткіземіз. Университеттің жыл санап дамып келе жатқаны мені қатты қуантады. Алдағы уақытта бұдан биік дәрежеге жетуіне тілектеспін. 30 жылдық тарихы бар «Болашақ» университетінің та-

рихи толқынының бір бөлшегі болғаным үшін мақтанамын, – деді Гүлайым Масакқызы.

Іргелі университетпен тығыз байланыс орнатып жұмыс істеп келе жатқан мекеменің бірі – №5 арнайы мектеп-интернаты. «Болашақ» университетінің түлегі Жамбыл Ахметов басшылық ететін білім ошағы 2012 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Көру қабілетінің бұзылысы бар балаларға арнайы білім беретін мектепте бірлескен іс-шаралар тұрақты өтіп отырады.

– 2021 жылдан бері осы мектептің директорылығы қызметін жасап келемін. «Болашақ» университетімен меморандумға қол қойдық. Басшылық, білім беретін құраммен кездесіп, жоспарларды бекітіп отырамыз. Балаларымыз тек мектептің төңірегінде қалып қоймай, университеттің жұмысымен танысып, біледі. Түрлі іс-шараларына қатысады. Ал ондағы білім алушылар апта сайын бізге келіп іс-тәжірибеден өтеді. Алдағы уақытта бірлесіп мектептен арнайы кабинет ашуды да жоспарлап отырмыз, – дейді Жамбыл Тұрсынбайұлы.



Алда бірлесе атқаратын мақсат-міндеттерін бөліскен мекеме басшысы өзі білім алған ортаның 30 жылдық белесіне жүрекжарды лебізін де жеткізді.

– Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие мен озық білім беру – маңызды міндет. Осы жолда еңбек етіп келе жатқан білім ордасына биыл 30 жыл толып отыр. Бұл университетте – білікті де білімді мамандардың басы тоғысқан. Соның арқасында ел үшін еңбек ететін азаматтар мен азаматшалар өсіп келеді.

Осы ретте сонау қиын уақытта университеттің іргетасын қалап, жастардың білім алуын көздеген



Бакберген Досманбетовтың да еңбегін айта кеткен жөн. «Өз білгенінді халқыңа үйрет» дейді Міржақып Дулатов. Бакберген ағамыз «өзім болдым, толдым» деймі, елдің келешегіне көз тастап, кейінгі жастар үшін осындай қадамға барды десем артық болмас, – деді Жамбыл Тұрсынбайұлы. Қызылорда қаласында «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс жасайды.

Басшысы – Ерлан Қалымбетов.

– Әр саланың қызығы мен қиындығы болады ғой. Ал әрбір адам жанына жақын салада еңбек еткенді қалайды. Сол секілді мен де осы саланы жаным қалап, 2014-2016 жылдары «Болашақ» университетінде білім алдым. Осы уақыт аралығында түрлі кезеңнен өтіп, қазір осы мекеменің басшылық қызметіне келіп, балалармен жұмыс жасап келемін.

Білімді мамандардың басы қосылған білім ордасының түлектері алдыңғы қатарда, әр түрлі салада тер төгіп жүр. Мұның барлығы сол ортадан берілген тәрбие мен білімнің арқасы.



Қазір өзім оқыған шаңырақпен бірлесе жұмыс істеп, жоспарларды жүзеге асырып келеміз. Арнайы педагогика бағыты бойынша білім алатын студенттер іс-тәжірибеден өтіп жүр. Олардың келіп жұмыс барысымен танысқанынан ақ, ондағы беріліп жатқан білімнің дұрыс екеніне көзім толық жетеді.

Биыл қанатын кенге жайған киелі орда 30 жылдық белесін тойлайды. Осы уақыт ішінде университет ескісінен сол жағалаудағы 12 қабатты жаңа ғимаратқа қоныс аударды. Материалдық-техникалық базасы толығымен жабықталған. Білім алушыларға қолайлы жағдай жасалған. Мамандар шетінен сен тұр мен атайын, мықты. Тек студенттер оқып, ізденсе болғаны. Қасиетті шаңырақтың ғұмыры ұзақ болсын! Ұжымына тек жақсылықтар тілей отырып, елдің алды болып, халық үшін қалтқысыз жұмыс істейтін мықты мамандар шыға берсін дегім келеді, – деді Ерлан Сәулебекұлы.

«Болашақ» университеті қай кезде де түлектерімен мақтанады. Ал осындай қасиетті шаңырақта білім алған буын да өзі білім алған ордасы артқан үледен шығатыны анық.

«Білегіне сенбе, біліміңе сен» дейтін даму кезеңінде «Болашақ» университетінің бағытына нақтылық, болашағында туралық пен тұрақтылықтың болуын тілейміз.

Абзал БАҚЫТҰЛЫ

Қазіргі заман – қарқынды даму, жаңғыру мен жаһандану кезеңі. Технологияның үздіксіз ілгерілеуі, әлемдік нарықтағы өзгерістер және ақпарат ағыны күн сайын күрделеніп бара жатқан қоғамда адамның еңбекке деген бейімділігі мен табандылығы маңызды орын алады. Бұл тұрғыда жастардың ролі ерекше. Олар – елдің көзғаушы күші, жаңа идеялардың бастаушысы, болашақтың іргетасын қалаушы негізгі топ. Алайда қоғамда жастардың елеулі бөлігі өз әлеуетін толық жүзеге асыра алмай жүр. Оның басты себептерінің бірі – жұмыссыздық.

Жұмыссыздық – бұл тек бос отырған адамның жағдайы емес. Ол – адамның өзін қоғамға пайдалы сезіне алмауы, тұлғалық дамуының тежелуі, рухани күйзеліске ұшырауы. Жұмыссыз жүрген жас адам уақыт өте өзіне деген сенімін жоғалтады, армандары мен мақсаттарынан алыстайды. Бұл – тек бір адамның емес, тұтас қоғамның жанын ауыртатын құбылыс.

Жастар жұмыссыздығы – олардың өмірлік жолын, дүниетанымын және болашаққа деген көзқарасын қалыптастыратын аса маңызды кезеңде пайда болатын түйткіл. Жастық шақ – адамның ең белсенді, ең алғыр, ең жанашыл болатын уақыты. Бірақ дәл осы кезеңде жұмыс таба алмауы оның ішкі әлеуетін тұншықтырып, өмірге деген қызығушылығын сөндіруі мүмкін.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, республика бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық 3,8% пайызды құрайды. Бұл – 2022 жылдың 2 тоқсанындағы қорытынды. Өңірлер бойынша Алматы – 5,4%, Астана – 4,7% және Қарағанды

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ: СЕБЕП ПЕН САЛДАР



облысы – 4,3%, Қызылорда мен Шығыс Қазақстан облысы – 4,1% пайыз көрсеткішке ие. «Қазақстан жастар конгресі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры Токтар Болысовтың сөзінше, мұндай көрсеткішке кей өңірлердегі білім деңгейінің төмендігі себеп. Бұған қоса мектептердің кәсіптік бағдар беруіндегі осалдығы да кері әсерін тигізіп отыр.

Жастардың жұмыссыз қалуына себеп көп. Біріншіден, бұл – білім беру мен еңбек нарығы арасындағы алшақтық. Көптеген жас университет немесе колледж бітіріп шыққанымен, алған білімі нақты өмірде қолдануға жарамай жатады. Жұмыс берушіге қажет дағдылар мен тәжірибелер оқу процесінде жеткілікті деңгейде беріл-

мейді. Теория жүзінде білім алған жас түлек іс жүзінде тығырыққа тіреліп, өз орнын таба алмай дал болады.

Екіншіден, жастардың көпшілігі нақты қай салада жұмыс істегісі келетінін білмей жатады. Бұл – кәсіби бағдардың жетіспеушілігінен. Мектеп қабырғасында жүргенде әр адам өз бейімін анықтап, болашақ кәсібін таңдауы тиіс. Бірақ елімізде бұл бағыттағы жұмыс әлі де жеткіліксіз. Нәтижесінде, жастар мамандық таңдауда қателесіп, оқу аяқталған соң мүлде басқа бағытқа бет бұруға мәжбүр болады. Бұл олардың еңбек нарығына бейімделуін одан сайын қиындатады.

Үшіншіден, көптеген жұмыс орындарында тәжірибесі бар мамандарға басымдық беріледі. Ал жастардың

басты қиындығы – сол тәжірибенің жоқтығы. Осылайша, жұмысқа қабылдауда «тәжірибе керек» деген талап жас мамандарды айналып өтіп, олардың мүмкіндігін шектейді. Ал тәжірибе алу үшін алдымен жұмыс істеу керек емес пе? Бұл – тұйық шеңбер.

Төртіншіден, қоғамдағы кейбір көзқарастар да жастарға кері әсер етеді. Мысалы, кейбір адамдар «жақсы жұмыс – тек беделді кеңседе» деп ойлайды. Жас маман нақты еңбекке араласудан гөрі, арман қуып, лайықты жұмыс табылмайынша әрекетсіз отыра береді. Мұндай ой қалыптастыратын – әлеуметтік желілердегі жалған өмір бейнесі, кейде ата-ананың шектен тыс қамқорлығы немесе қоғамның шындыққа жанаспайтын идеалдары.

Жұмыссыздықтың тағы бір қасіреті – адамның қоғамнан шеттетілуі. Адам – әлеуметтік жаратылыс. Ол өзін қажет сезінгенде ғана толыққанды өмір сүре алады. Ал тұрақты жұмыс – адамның өзіндік бағасын арттыратын, болашағына сенім беретін басты факторлардың бірі.

Бұл мәселені шешу – тек мемлекеттік саясаттың ғана емес, жалпы қоғамның ортақ міндеті. Жастарды еңбекке баулу бала кезден басталуы керек. Мектеп қабырғасынан бастап кәсіптік бағдар беру, еңбекке құрметпен қарау, өз ісін адал және сапалы атқару мәдениетін қалыптастыру – басты қадам.

Жоғары оқу орындары мен колледждер еңбек нарығымен тығыз байланыста болуы қажет. Оқу барысында тек теориямен шектелмей, нақты өмірлік жобаларға араластыру, өндірістік тәжірибелерді кеңейту, шынайы еңбек дағдыларын үйрету – бүгінгі күннің басты талабы.

Сонымен қатар жастардың өз бойындағы әлеуетін дамытуға ұмтылысы болуы керек. Бүгінгі заманда тек дипломмен шектелу жеткіліксіз. Үздіксіз даму, қоғамға білім алу, жаңа дағдыларды меңгеру, өз қабілетінді жетілдіру – табысқа апарар жол.

Жастар – қоғамның жүрегі. Олардың білікті, білімді әрі еңбекқор болуы – кез келген елдің табысты болашағының кепілі. Жастар жұмыссыздығы мәселесін шешу – уақыт күттірмейтін маңызды іс. Бұл – жеке адам тағдыры ғана емес, ұлттың болашағына қатысты мәселе. Ендеше, әрбір жас өз орнын таба алатын, өз қабілетін жүзеге асыратын қоғам құру – баршамызға ортақ міндет.

Аружан ЖҮСПБЕК,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



БАЛАМЕН БІР ТОЛҚЫНДАҒЫ ДИРЕКТОР

Бүгінде кез келген сала біліктілікпен қатар икемділікті де талап етеді. Бұл – білім көшін алға сүйрейтін мамандарға да қатысты. Мұғалім де, мектеп директоры да оқушыға жақын, жаңашыл әрі қоғаммен үндес тұлға болуға тиіс

№58 мектеп-гимназиясының директоры Ақмоншақ Нұртаза – дәл осындай жаңашыл басшылардың бірі. Ол – оқушымен трендтегі видеолар түсіретін, Instagram желісінде белсенді блог жүргізетін, білім мен тәрбиені ұлттық құндылықтармен ұштастыра білген заманауи көшбасшы. Ақмоншақ Нұртаза «оқушылармен бір толқында болу – заман талабы» дейді. – Себебі қазіргі ұрпақ басқаша. Олар еркін, ашық ойлы, эмоциясын жасырып қалмайтын тұлға ретінде қалыптасып келеді. Мұндай ортада бұрынғы «ескі әдістер» жүрмейді. Жаңа көзқарас пен жаңа тіл қажет. Менің қорқынышым – балалармен сөйлескенде көздерінен от көрмеу, – дейді ол.

Директордың бұл деңгейге бір күнде жетпегені анық. 2016 жылы Финляндиядағы тағылымдамасы оның ой-өрісін түбегейлі өзгерткен. Сол жақтағы еркін әрі нәтижелі білім беру жүйесі оған тың серпін берген. Фин елі баланы емтихан үшін емес, өмір сүру үшін тәрбиелейді. Онда стресс жоқ, сенім мен еркіндік бар. Соған қарамастан – білім сапасы әлемде көш бастап тұр. Нұртаза ханым да осы бағытты негізге алып, «еркіндік пен сенім арқылы үлкен нәтижеге жетуге болады» деген ұстанымды таңдаған.

Әрине, заманауи басшы болу оңай емес. Ол блог жүргізе бастағанда, қоғамның пікірі екіұдай болды. Бірі қолдады, екіншісі түсіне алмады. Бірақ Ақмоншақ Нұртаза әр елдің жақсы үлгісін алып, ұлттық болмыспен ұштастыруды мақсат етіп отыр.

Мектеп директоры лауазымына келгеніне 2 жыл енді толады. Ал ескі қағидаға үйренген ұжым бұл тәсілді қалай қабылдады?

Бұл оқырманды да қызықтыратын негізгі сауал. Әрине, әлеуметтік желіде «Осылай еркіндік бере берсен, тәртіп болмайды ғой», «Ұжым бытырап кетпей ме?» деген сұрақ көп болды. Еркіндік бар жерде тәртіп болмайды деген заң жоқ қой. Мен де талапшыл басшының бірімін. Егер сенім арта отырып, талап қойсаңыз кез келген маман жұмысын қорқынышпен емес, рақаттанып істейді. Бастысы – баланс. Сенім мен талаптың арасы дұрыс сакталу керек, деп жауап берді ол.

Сұхбаттарының бірінде директор миссиясы туралы айтқан еді.

– Менің миссиям – оқушылардың потенциалын байқап, өмірге деген көзқарасын өзгерту. Үлгерімі нашар, сабаққа қызығушылығы жоқ оқушыларға ерекше көңіл бөлемін. Сабаққа қызықпаған баланың, өнерге әлде басқа салаға икемі болу мүмкін, – дейді елордалық маман.

Бүгіннің баласын ерекше дейміз. Оларды түсіну үшін жоғары буынның ерекше болғаны да дұрыс бәлкім.

Инжу МАРЖАН

Табиғат – біздің баға жетпес байлығымыз, ал оны қорғау – әрбір азаматтың міндеті. Осындай асыл міндетті өзіне жүктеген Санжар Маратов – Жалағаш ауданының жануарлар дүниесі және орман шаруашылығы мекемесінің инспекторы. Ол табиғаттың әр тынысын, оның әрбір тіршілігін қорғауға бар күш-жігерін салып жүрген жаңашыр азамат. Санжардың өмірі мен қызметі жас табиғат қорғаушысы үшін ғана емес, бүкіл өмір үшін үлгі.

Санжар Сейлханұлының табиғатқа деген сүйіспеншілігі бала кезінен басталған. Оның жаны табиғатпен үндесіп, тынысымен тыныстады. Ауылда өскен оның көз алдында ауыл мен дала өмірінің бірлігі мен табиғаттың әсем көрінісі тұрды. Оған ең үлкен әсер қалдырған дүние – табиғаттың тазалығы мен оның өмір сүру үшін қаншалықты маңызды екенін түсіну еді. Адамзаттың осы экожүйе алдында жауапкершілігі ерекше екенін сезіне отырып, ол осы салада жұмыс істеуге бел буды.

Оның мамандығы да осы табиғатқа деген сүйіспеншілігін жалғастыруға мүмкіндік берді. Жалағаш ауданының жануарлар дүниесі мен орман шаруашылығы мекемесінде инспектор ретінде қызмет ете отырып, экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында аянбай еңбек етіп келеді. Оның жұмысының басты бағыты – қоршаған ортаны қорғау және оның тазалығын сақтау.

Санжардың қызметіне қарай отырып, оның орман шаруашылығының маңыздылығына ерекше назар аударып жүргенін байқау қиын емес. Ол флора мен фаунаны сақтау, жабайы жануарларды қорғау бағытында ауқымды жұмыс атқарып жүр. Оның бастамасымен Жалағаш ауданының ормандарында ағаш

ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЫ



отырғызу және өсімдіктер әлемін қорғау іс-шаралары тұрақты түрде жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау, олардың табиғи тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі жұмыстарды қолға алған. Жабайы жануарлардың тіршілігін сақтап қалу үшін арнайы рейдтер ұйымдастырып, заңсыз аңшылық пен орман ағаштарын кесуге қарсы күрес жүргізеді. Әсіресе аудан аумағында сирек кездесетін жануарлар мен құстардың сақталуына аса назар аударып, олардың табиғи мекендерін қорғауға күш салады.

Санжар Сейлханұлының міндеті заңды қадағалау ғана емес, табиғатты қорғаудың ғылыми тұрғыдан әдіс-тәсілдерін кенінен тарату. Ол жергілікті тұрғындарға экологиялық білім беру, ормандар мен жануарлар әлемі туралы ақпарат тарату жұмыстарын да белсенді жүргізеді. Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық таза өндірістер мен шаруашылық жұмыстарын насихаттау бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруды мақсат етеді.

Еңбегі Жалағаш ауданының

табиғаты мен экологиясына оң әсер етіп келеді. Ол Жалағаштың орман шаруашылығы мен дала экосистемаларын қорғауда үлкен үлес қосып, жергілікті экологиялық ахуалды жақсартуға барынша күш салады.

Жалағаш ауданындағы табиғат қорғау шараларының табысы – бұл әрбір ауыл азаматының табиғатқа деген құрметі мен қамқорлығының нәтижесі. Осы саладағы еңбегі, табиғатқа деген құрметі мен жаңашырлығы тек оның қызметімен шектелмейді, ол барша жергілікті тұрғындар мен қоғам үшін үлкен өнегелі іс екені хақ.

Санжар Сейлханұлы – табиғат жаңашыры, табиғатты қорғау алдында үлкен жауапкершілікті аркалаған тұлға. Оның еңбегі табиғат қорғаушысы ретінде ауданның экологиялық жағдайын жақсартуға, жергілікті ормандар мен жануарлар дүниесін сақтау ісіне бағытталған. Жалағаш ауданының табиғаты, оның бай фаунасы мен флорасы еңбекқор азаматтың еңбегінің арқасында бүгінде біртұтас қорғалып, осы бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғаса бермек.

Нұрмағанбет АЙТБАЙ

Бірі мұны өнер мен спорт дейді. Енді бірі стриптиз дейді. Ал сіз қалай ойлайсыз?

«POLE DANCE»

СПОРТ ПА, ӘЛДЕ...?

Иә, бүгін әлеуметтік желіде кенінен таралған видео туралы айтамыз. Ұлттық киіммен темірді айнала билеген 36 жастағы астаналықтың әрекеті көптің ашуына тиді. Бақыт Қадірованың айтуынша, бұл тек контент.

– Қазақтың дәстүрі мен мәдениетін құрметтеймін. Ал бейнедегі дүниенің ешқандай әбестігі жоқ. Түсірілім алдында қоғамның кері реакция білдіретінін білдім. Дегенмен дәл мұндай хейтке тап боламын деп ойламадым, – деп пікір білдірген еді биші сұхбаттарының бірінде.

Темірге оратылған бұл би халық топшалаған стриптиз емес екен. Пол спорт деп аталатын көрінеді. Пол спорт – гимнастика, акробатика, хореография және актерлік дағдыларды біріктіретін спорт түрі. Тек спорттық гимнастика секілді қимыл-қозғалыстар жасалады.

Алайда бұл спорттың айналасындағы дау азаймай тұр. Бір тарап дене сымбатын қалыптастыруға көмектесетін спорт түрі десе, енді бірі ұлттық болмысқа жат әрекет ретінде қабылдайды. Әсіресе, ұлттық киіммен пол спорт көрсету көпшіліктің қызу талқысына түсті. Бұл жерде мәселе билің мазмұнында емес, оны көрсетудің формасы мен контекстінде сияқты. Иә, әлеуметтік желі әркім өз ойын ашық білдіретін, көңілден шыққан дүниемен бөлісетін алаң. Сондықтан кез келген ақпараттың түпкі мақсаты мен мәнін түсінуге тырысқан жөн.

Мұндайда ел ішінде «Ұлттық киім – тек шапан мен сәукеле емес, халықтың рухани мұрасы» деген пікір басым. Себебі әрбір ою-өрнек, әрбір элемент ата-бабамыздың өмір сүру салты мен дүниетанымының көрінісі. Киімнің эстетикалық қана емес, символикалық мәні бар. Сол себепті оны кез келген дүниеге бейберекет пайдалануға болмайды.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің студенті

15 сәуір – Ғашықтар күні. Атауын естіген, жүрек шым ете қалады, көз алдымызға бір-біріне ынтыға қараған қос ғашық елестейді. Алайда осы бір күннің атауы әтүсті емес пе? Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Төлеген мен Жібек – аңыздан жеткен есіл ерлер мен аяулы арулар. Алайда назар салып қарасақ, тарихта есімі жиі аталатын ғашықтардың көпшілігі қосылмаған. Кейбіреуінің махаббат хикаясы баянды, бақытты ғұмырмен емес, мұңды оқиғамен аяқталған. Біз неге ғашықтар мерекесін қайғы мен қасіретке оранған тағдырлар арқылы атап өтеміз?

ҒАШЫҚТАР КҮНІ: махаббат сыйлықпен емес, сыйластықпен өлшенеді

Қазақ тарихында ғашығына қосылған, сүйіспеншілігін шын өмірде дәлелдеген жұптар мүлде болмаған деп айту қате. Өткенге үңілсек, тағдыры тәлкекке түскен Төлеген мен Қыз Жібек туралы, трагедияға толы Баян сұлу мен Қозы Көрпештің махаббат хикаясын «пір» тұтамыз. Дегенмен бір шаңырақ астында ғұмыр бойы бір-біріне сүйіспеншілікпен қарап өткен ерлі-зайыптылар – нағыз махаббаттың иелері емес пе? Алайда біз солардың есімін ұлықтаудан гөрі, қосыла алмаған жұптардың есімін аспандатуға үйірміз.

ҒАШЫҚ БОЛУ – СЫЙЛЫҚ БЕРУ ЕМЕС

Бүгінде 15 сәуір жақындаса гүл сататын дүкендерге кезек көбейіп, базар сөрелері жүрек пішіндегі шоколад пен ойыншыққа толып шыға келеді. Жастар бір-бірінен асып түскісі кеп, түрлі тосынсый ұйымдастырумен әлек. Тіпті әлеуметтік желіде кім не сыйлады, кімге не тарту етті – соның есебін беріп жатқандаймыз. Махаббат бәсеке ме еді? Сыйлықпен жарысып, сезімнің құнын материалдық затпен өлшейтін болдық. Махаббатты ақшаға теңеу – оның қасиетін кеміту емес пе?

Ғашықтық – жанның ішкі толқынысы, жүректің дүпілі. Ол – шынайы сезімді сөзбен, іспен дәлелдеу. «Махаббат – мөлдір булақ, тұнығын лайлама» демеуші ме еді бабаларымыз? Ал біз ше? Бір-

бірімізге айтар жылы сөздің орнын айфонмен, алтын жүзікпен, шетелдік саяхатпен алмастырып жібердік. Тіпті «Сені жақсы көремін» деген сөздің құндылығын ұмытып бара жатқандаймыз.

Бұл күннің тағы бір тұсы – сыйлық алмаған жанның ішкі күйі. Қоғам әлдеқашан махаббатты көрсетудің өлшемін қымбат сыйлықпен байланыстырып қойған. Ал ол сыйлыққа қолы жетпеген, ешкімнен ерекше ілтипат көрмеген жан не күй кешеді? Жүрекке түрпідей тиеді. «Мен сүйкімсізбін бе?», «Менің махаббатқа лайықты болмағаным ба?» деген түрлі қатігез ішкі сауалдар – психологиялық күйзелістің басы. Күйзеліс демекші, бұл күн кейбір жастар үшін жалғыздығын еселейтін, өзін қажетсіз сезіндіретін ең ауыр күнге айналып барады. Себебі олар махаббатты жарқыраған құтыдағы сыйлықпен, Instagram-дағы Stories-пен өлшейді. Ал бұл – санаға түскен сызат.

МАХАББАТ МҰҢ ЕМЕС, БАҚЫТ...

Біріміздің тағдырымызға айналған жанды жариялау міндет емес. Ғашық болу – ішкі күй. Ол – қос жүректің үндестігі, қос жанның үйлесімі.



Қозы мен Баян қосылмағанымен, олар шын сүйді. Бірақ бізге енді қасіретті тағдырларды емес, қол ұстасып, өмір бойы бірге жүрген, отбасын құрып, ұрпақ сүйген, бір-бірінің көзінен өмірінің мәнін тапқан жұптарды насихаттауға бейімделуіміз керек. Жаңашылдыққа қадам басу – өткенді ұмыту дегенді білдірмейді. Мұны жақсылықтың нышаны деп қабылдағанымыз жөн болар.

Ғашықтар мерекесі – махаббаттың мерекесі. Ол қымбат сыйлық пен сыртқы жарнамамен емес, шынайы ықыласпен, жүректен шыққан сөзбен, жан дүниесінің тебіренісімен өлшенуі керек.

Қорытындылай келе, Қозы мен Баянды дәріптегеніміз – махаббатты мойындау емес, оған жете алмаған тағдырларға тағзым ғана. Бізге енді «махаббат – мұң» емес, «махаббат – бақыт» екенін ұғынатын кез жетті.

«Сүйе білу – өнер, сүйгеніне лайық болу – өнеге» дейді халық. Ендеше, махаббат күнін мақтану емес, шынайы сезімді бағалау күніне айналдырайық. Сыйлық емес, сенім сыйлайық. Көзбен емес, көңілмен сөйлейік. Сонда ғана бұл мереке – ессіз жарыстың емес, есті махаббаттың мейрамы болмақ.

Қорлан САРЫ